



Ислам ӘБІШ:
СІЗДЕЙ СУДЬЯҒА
АДАМ ТАҒДЫРЫН
СЕНІП ТАПСЫРУҒА
БОЛМАЙДЫ!

6-бет



Абзал ҚҰСПАН:
«ЭЙР АСТАНА»
БАСШЫСЫ ҚАЗАҚ
ХАЛҚЫНАН КЕШІРІМ
СҰРАУЫ КЕРЕК

5-бет



ҰЛТТЫҚ КҮРЕСТІ
ҰЛЫҚТАУШЫ
АЗАМАТҚА АРАША
СҰРАЙМЫЗ!

10-бет

ҚАЗАҚ ҮНІ

РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ҚОҒАМДЫҚ - САЯСИ АПТАЛЫҚ

www.qazaquni.kz

qazaquni2000@gmail.com

2000 жылғы 11 тамыздан шыға бастады

№40 (858), 21 қазан, 2019 жыл

СОТ САЛАСЫ ҚАШАН САУЫҒАДЫ?



ІЗГІЛІК ДӘНІ

Қайран Темкев! Ол кісіні орынсыз мақтайын деген ойым жоқ. Оған зәру де емес. Өмірінің соңғы жылдарында іштей жаны құлазып өткені болмаса, асау тағдырдың түрлі теперіштеріне бас имей кеткен қайсар рухты тұлғалардың бірі еді.

8-9
бет



Қылмыстың түрі көп. Қалтадағы тиын-тебеніңді білдіртпей жымқырып кететін ұрлықтан бастап, миллиардтап халық қаржысын жалмаған жемқорлық пен адам өлтіруге дейінгі аралықты тізімдеп шығудың өзі мүмкін емес. Әрине, сол қылмыс атаулының салмағына қарай белгіленетін жазалар да жеткілікті, оның бәрі біздің заңдарымызда қарастырылған. Қылмыстық кодекстегі ережелерді ешкім жоққа шығара алмайды. Бірақ, сол заңымыздағы баптардың бірі екіншісіне қайшы келіп жататыны өз алдына, оның нақты орындалуы да үлкен мәселеге айналып отыр.

3
бет

АҚОРДА ҚАЗАҚША СӨЙЛЕМЕЙ, ҚАЗАҚСТАН ҚАЗАҚША СӨЙЛЕМЕЙДІ!

Ал шынында да, АҚОРДАДА ҚАЗАҚТАР ҚАЙ ТІЛДЕ СӨЙЛЕСТІ? Әрине, екі қазақ ҚАЗАҚ ТІЛІНДЕ – МЕМЛЕКЕТТІК ТІЛДЕ емес – шет тілінде – РЕСЕЙ ТІЛІНДЕ СӨЙЛЕСТІ! Өйткені, Ураз Джандосов Қазақ тілін – Мемлекеттік тілді білмей-ақ және білгісі де келмей-ақ, вице-премьерлікке дейін көтерілген саясаткер!

5
бет



ӨНЕГЕМЕН ӨРІЛГЕН ӨМІР

Зұлпыхар Момынов. Есімі Шардара өңіріне белгілі азамат. Ағамыздың ата-бабасы «кеңес өкіметі малды да, жанды да ортақ етеді екен» деген қауесетке сеніп Қызылқұмды жайлап, Сырдың Шардара тұсындағы қалың жыныс тоғайын қыстайтын атамекенін тастап, үдере көшкенімен, өзбек жерінен ары өте алмай қалады...

14
бет

КАК ЧИНОВНИКИ ПЕРЕПУТАЛИ КОРРУПЦИЮ СО ШВАБРОЙ

Неожиданно появившаяся в начале сентября новость Агентства РК по противодействию коррупции о мытье полов в школах детьми затмила все реальные школьные проблемы. В итоге небывалые страсти бушевали в социальных сетях и СМИ: дело дошло до возможного судебного иска к Министерству образования и науки РК.



11
бет

МІНДЕТ – ХАЛЫҚТЫҢ ӨМІР СҮРУ ДЕҢГЕЙІН ЖАҚСАРТУ

Қазақстан Президенті Қасым-Жомарт Тоқаевтың төрағалығымен экономикалық мәселелер жөнінде кеңес өтті. Жиын барысында елдің әлеуметтік-экономикалық дамуының қорытындылары мен жоспарланған меженің орындалуы, қаржы-несиелік саясатты жүзеге асыру, атаулы әлеуметтік көмек реформасы, әлеуметтік даму және жұмыспен қамту мәселелері қаралды.



Премьер-министр Асқар Мамин, Ұлттық банк төрағасы Ерболат Досаев, Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрі Біржан Нұрымбетовтер баяндама жасады.

Қасым-Жомарт Тоқаевтың айтуынша, жалпы елдегі макроэкономикалық жағдай тұрақты, Қазақстанның әлеуметтік-экономикалық даму көрсеткіштерінің динамикасы оң нәтиже көрсетіп тұр. Алайда, отандық экономика-

ны әртараптандыру, өнімді жұмыспен қамту, халықтың табысын арттыру, әлеуметтік көмектердің қол жетімдігі секілді мәселелер әлі күнге толық шешімін тапқан жоқ. Мемлекет басшысының пікірінше, стратегиялық бағдарламаларды сапалы жүзеге асырудың негізгі міндеті – халықтың өмір сүру

деңгейін арттырғанда ғана орындалады. Президент мемлекеттік шешімдер қабылдағанда сараптамалық жұмыстарды түбегейлі күшейту керек екенін атап өтті. Мемлекет басшысы индустриаландыру бағдарламасы өнеркәсіп өндірісі мен өңдеу секторындағы құлдырауды тоқтатып, жаңа өнімдерді шығаруға мүмкіндік ашқанымен, экономика саласында түпкілікті серпіліс болған жоқ деп есептейді.

«Еңбек өнімділігін кемінде 1,7 есеге арттыруға және өңделген қазақстандық өнімнің экспортын едәуір өсіруге басымдық берілуі тиіс. Үкімет дайын өнімнің экспортын 2022 жылы – 1,5 есеге, 2025 жылы – 2 есеге арттыруы қажет», – деп тапсырды Президент. Сонымен бірге коммерциялық банктердің пайда табу мақсатында қаржыны тұтынушылық несиеге қарай бұрып, бизнесті несиелеу көлемін төмендетіп жібергенін сынға алды.

ӘЛЕУМЕТТІК САЛАНЫ ҚАРЖЫЛАНДЫРУ ҚАЙТА ҚАРАЛДЫ

ҚР Парламенті Сенатының жалпы отырысында «2019-2021 жылдарға арналған республикалық бюджет туралы» ҚР Заңына өзгерістер енгізу туралы» Заңы қабылданды.

Нақтылаудың негізгі міндеттері – әлеуметтік салада шұғыл қаржыландырылатын жекелеген мәселелерді шешу, кейінгі жылдарда экономиканың өсуі үшін қосымша көздер жасау және 2019 жылдың соңына дейін Үкіметтің кезек күттірмейтін міндеттерге арналған резервінің деңгейін қамтамасыз ету.

«Заң жобасы 2019 жылға арналған елдің әлеуметтік-экономикалық даму болжамының көрсеткіштері сақтала отырып, қалыптастырылды. Республикалық

бюджет шығыстарының көлемі 94,9 млрд. теңгеге ұлғайтылды. Республикалық бюджеттің тапшылығы бұрын бекітілген жалпы ішкі өнімнің 2,1 пайызы деңгейінде сақталды», – деді ҚР Премьер-Министрінің бірінші орынбасары, Қаржы министрі Әлихан Смайылов. Атап айтқанда, әлеуметтік саладағы шұғыл қаржыландыру мәселелерін шешу мақсатында әлеуметтік блоктың шығыстары 6,7 млрд. теңгеге жетіп отыр. Шығыстарды қайта бөлу барысында, қосымша қаражат атаулы әлеуметтік көмекті төлеуге, медициналық көмек көрсетуге және денсаулық сақтау нысандарының құрылысын жалғастыруға бағытталды. Сонымен қатар, нақты сектордың шығыстары 15,6 млрд. теңгеге

өсті. Бюджеттік бағдарламалар әкімшілері ұсынған қаражатты қайта қарап, өнеркәсіпті қолдауға, «Қазақстан тұрғын үй құрылыс жинақ банкінің» салымшыларына тұрғын үй қарыздарын беруге қосымша шығыстар көзделді. Заң жобасын дайындау кезінде жекелеген мемлекеттік органдарды қайта ұйымдастыруын ескере отырып, шығыстарды түзету қамтылған. Мұнымен қоса, азаматтық қызметшілердің еңбекақысын арттыруға, жылу энергетикасы мен көлік инфрақұрылымын дамытуға, «Нұрлы жер» бағдарламасы шеңберінде тұрғын үй және инженерлік-коммуникациялық инфрақұрылым салуға нақты қажеттілігін ескере отырып, өмірлер арасында қаражат қайта бөлінді.

ЕҢБЕК ДАУЫ ШЕШІМІН ТАПТЫ

Ақтөбеде жұмысшылар мұнай компаниясынан жалақыны көтеруді талап етіп, жұмысқа шығудан бас тартқан болатын. Ұзақ текетірістен соң «Шығыс мұнай және сервистік қызмет көрсету» компаниясы жұмысшылардың жалақысын 50 пайызға дейін көтеруге келісім берді.

Облыс әкімдігі екі тарапты ортақ келісімге келуге шақырғанмен, жұмысшылар мен жұмыс беруші арасындағы еңбекақы дауы екі айға созылды. 11 қазанда төрт бұрғылау бригада-сы өз жұмыстарын тоқтатты. Бұл жағдай өңір халқына байланысты болған соң облыс әкімдігі еңбек дауын шешуге көмек көрсетті. Инженерден бастап қарапайым жұмысшының сөзіне дейін тыңдалды. Егжей-тегжей талдау жүргізілді. Кейін жұмысшылардың еңбекақыларын мамандықтарына қарай дифференциалды түрде көтеру туралы шешім қабылданды. Ауыр жұмыспен айналысып, анағұрлым төмен еңбекақы алатын қарапайым жұмысшыларға басымдық берілді. Келіссөздердің нәтижесінде, екі тарап та риза болды. Айлықты көтеру туралы бұйрық 16 қазанда шығып, барлық бригадалар жұмыстарына қайта кірісті. Ал облыс әкімінің орынбасары Қайрат Бекенов мұндай даулардың ең алдымен жұмыс беруші мен жұмысшылар арасында қолданыстағы заңнама аясында кәсіподақ ұйымдарының араласуы арқылы шешілу керектігін атап өтті.

ТЕГІН ДӘРІГЕ ДЕГЕН ТАПШЫЛЫҚТЫ ЖОЯ АЛАМЫЗ БА?

Елімізде қант диабеті мен гипертония ауруына шалдыққан науқастар тегін дәріден қағылып, оны өздері сатып алуға мәжбүр. Мемлекет есебінен тегін берілуі керек препараттардың қайда кеткенін қазір прокурорлар анықтап жатыр.

Денсаулық сақтау саласындағы осы тектес кемшіліктер көптен бері айтылып келеді. Бірақ, жекелеген заң бұзушыларды құрықтап жазалағанмен, онымен күрес ешқандай нәтиже берген емес. Тұрғындар тарапынан дәрі-дәрмекке қатысты арыздар жылдан жылға көбейіп барады.

Денсаулық сақтау вице-министрі Олжас Әбішевтің айтуынша, мемлекет есебінен тегін дәрі алатын науқастармен кері байланыс орнату үшін СМС қызметі іске қосылған екен. Сөйтіп, медициналық препараттардың науқастарға жеткен-жетпегенін білу үшін, әрқайсына СМС жолдап, сұрау салыпты. Сөйтсе, қан қысымы жоғары және диабетке шалдыққан 8 мың адам дәріні алмай келген. Науқастарға жетпей қалған дәрілер арзан емес, олар кемінде 5 мыңнан 20 мың теңгеге дейін бағаланады. Оны алаяқтар арзан бағамен дәріханаларға сатып жіберген болуы мүмкін. Енді мұндай сұмдық жайтқа жол бермеу үшін Денсаулық сақтау министрлігі электронды денсаулық паспортында жаңа функцияны іске қосты. Тегін дәріні алмаған науқастар сайтта онлайн немесе колл орталыққа хабарласып, шағымдана алады. Бәлкім осы әдіс арқылы тегін дәрілердің талан-таражға түсуін тоқтататын болармыз.



ҰЛТТЫҚ КЕҢЕС: МЕМЛЕКЕТТІК ТІЛ ТУРАЛЫ ЗАҢ ҚАБЫЛДАНАДЫ

Ұлттық Кеңестің ұсыныстарын іске асыру туралы Мәдениет және спорт министрі Ақтоты Райымқұлова жүргізген жиын болды. Ұлттық Кеңесте ұсынған ұсыныстарымының үшеуі – ең бастысы Мемлекеттік тіл туралы заң қабылдау, латын әліпбиін жетілдіру және Жошы хан кесенесі тұрған Ұлытауды халықаралық туризм мекеніне айналдыру мәселелерін Мәдениет министрлігі бірден қолға алып, іске кірісіп кеткені қуантады.

Тіл саясаты комитеті төрағасы Ғалымжан Мелдеш мемлекеттік тіл туралы заң қабылдау туралы баяндама жасады. Енді бұдан былай мемлекеттік қызметкерлер мемлекеттік тілді білуі міндетті болады.

Мәдениет министрлігі жанынан Мәдени саясат жөніндегі кеңес құрылуда екен. Алдын-ала жасалған кеңес мүшелерінің тізімі таныстырылды. Мен қаламгерлерден Қазақстан Жазушылар одағы төрағасы, ақын, Мемлекеттік сыйлықтың лауреаты Ұлықбек Есдәулет пен акындраматург әрі сазгер Исраил Сапарбайды ұсындым. Қазақ суретшілерінен ҚР Көркемсурет академиясы вице-президенті, Қазақстанға еңбегі сіңген қайраткер Жанұзақ Мүсәпірді, Қазақ журналистерінен «Қазақ газеттері» АҚ президенті Шәмші Пәттені және Ұлттық

академиялық кітапхананы мәдениет пен өнер ордасына айналдырып келе жатқан басшысы Үмітхан Мұңалбаеваны ұсындым.

Рухани көшбасшылардың беделді пулына Төлен Әбдік пен Смағұл Елубайды ұсындым. Ұсыныстар түгел қабылданды.

Ұлттық Кеңес мүшесі Ауыт Мұкибек Мәдени саясат кеңесіне жазушы Тұрсынхан Зәкен мен ғалым Акеділ Тойшанды ұсынды.

Жиында көптеген құнды пікірлер мен ұтымды ұсыныстар айтылды.

Жалпы, Ұлттық Кеңес ұсыныстарын іске асыруға кірісіп кеткен Мәдениет министрлігінің мәнді отырысы үш сағаттай уақытқа созылды.

Толық мағлұматты алда жазылар мақалада айтамыз.

Қазыбек ИСА



МЕМЛЕКЕТТІК ҚАРЖЫНЫ ИГЕРМЕГЕНДЕР ЖАЗАЛАНАДЫ

Қаржыны игермеген бағдарлама әкімшілеріне айыппұл салынады. Бұл туралы Премьер-Министрдің бірінші орынбасары – Қаржы министрі Әлихан Смайылов мәлімдеді.

Қазіргі кезде әкімшілік құқық бұзушылық туралы заңнамаға өзгерістер енгізілуде. Қаржы игерілмесе бюджеттік бағдарламалар әкімшісінің бірінші жетекшісіне айыппұл салынбақ. Ақшалай айыппұл қомақты болады. Бұл өз кезегінде қаржыны сапалы әрі тиімді игеруге өз ықпалын тигізеді деп есептейді вице-министр. Бұдан бұрын да Ә.Смайылов қай министрліктер бюджетті игере алмай жатқанын атаған болатын. «Ал республикалық бюджеттің шығындары 8 трлн.

541 млрд. теңгені құрады. Орындалмау сомасы – 14,3 млрд теңге. Оның 5,7 млрд. теңгесі – үнемделген қаражат. 8,6 млрд. теңге игерілмей жатыр. Бұл 2018 жылдың 9 айымен салыстырғанда бес есе аз. Ең көп игерілмеген сома мына әкімшілерде қалыптасты: Экология, геология және табиғи ресурстар министрлігі – 1,5 млрд. теңге, Жоғарғы сот – 1,2 млрд. теңге, Мәдениет және спорт министрлігі – 992 млн. теңге, Сауда және интеграция министрлігі – 947 млн. теңге. Қаржы игермеудің негізгі себептері – конкурстық рәсімдерді ұзақ өткізу, орындалған жұмыс актілерін уақтылы ұсынбау, қазынашылық органдарына тіркеуге шарттар мен қосымша келісімдерді кеш ұсыну», – деді ол.

Қылмыстың түрі көп. Қалтадағы тиын-тебеніңді білдіртпей, жымқырып кететін ұрлықтан бастап, миллиардтап халық қаржысын жалмаған жемқорлық пен адам өлтіруге дейінгі аралықты тізімдеп шығудың өзі мүмкін емес. Әрине, сол қылмыс атаулының салмағына қарай белгіленетін жазалар да жеткілікті, оның бәрі біздің заңдарымызда қарастырылған. Қылмыстық кодекстегі ережелерді ешкім жоққа шығара алмайды. Бірақ, сол заңымыздағы баптардың бірі екіншісіне қайшы келіп жататыны өз алдына, оның нақты орындалуы да үлкен мәселеге айналып отыр. Өйткені, заң ережелерін соттың сойылын ұстап отырғандардың өздері керегінше бұрып, өрескел бұзатыны жиі кездеседі. Сот саласының бұл «созылмалы сырқатына» ем табылмай-ақ қойды...

көбінесе құпия қалады. Асановтың айтуынша, кассациялық сот аймақтардағы судьялардың шалыс басқанын саналы түрде жасырып қалады. «Біздің кейбір судьялар қара қылды қақ жарып, әділ шешім шығармақ түгілі, сауатты сөйлей алмайды да. Тілі түсініксіз, сөздері күрделі. Оқып тұрған мәтінді ұғу қиын. Ал адамды шатыстыратын мұндай мәтіндер мен шешімдерден жемқорлықтың иісі аңқиды», — деген-ді Асанов. Жоғарғы сот төрағасы жана лауазымға келе салысымен бұл саланы сауықтыруға шұғыл кіріскені белгілі. Судья деген атқа кір келтіргендерді аямайтынын айтып айбаттанғанмен әзірге нақты нәтиже көре алмай отырмыз. Сот жүйесіне бірқатар өзгерістер енгізілсе де, «Баяғы жартас — сол жартас» күйінде қалып отыр.

Жақында Алматы облысы әкімінің орынбасары Бағдат Мәнізоров қамауға алынғаны белгілі. Бір қызығы, аталмыш

Осы оқиға жанамалай да болса қатысы бар тағы бір дерек, соңғы сайлауда президенттікке үміткер Дания Еспаева Алматыдағы Райымбек даңғылы бойында орналасқан «Жібек жолы» базарындағы кәсіпкерлермен кездесу өткізген болатын. Саудагер, күзетші, жүк тасушы, аула сыпырушы сияқты жұмыста жүрген мыңдаған адамның күнкөрісін қамтамасыз етіп отырған базар жабылудың аз-ақ алдында тұрған. Ұжым базар орнын босатуы талап еткен Бағдат Мәнізоровпен соттасып бірнеше рет жеңілгендерін айтып зар жылағанына осы кездесуге қатысқан БАҚ өкілдері де куә болды. Қалаға не салып, не сүру керектігін шешетін сол кездегі бас сәулетші Мәнізоровтың айтуынша, бұл жерде заң бойынша базар салуға болмайды екен. Сонда оған бұрындар қалай рұқсат берген? Әлде саудагерлер осы жерді басып алып базар салып алды ма? Жок, оған қала билігі өлсе де

он доллар пара алып ұсталып, кейін сүттен ақ, судан таза болып қылмыстық жауапкершіліктен қалай босатылғаны естеріңізде болар. Судьялар Василий Нидің бұрын сотталмағаны мен Махаббат Сейдуллаеваның кішкентай нәрестесі барлығын басты назарға алып босатуға шешім қабылдапты. Сонда 200 доллар пара алғандар дәп осы тектес қылмысы үшін бірнеше жылға сотталғандарын қалай түсінуге болады? Әлде судьялардың санауы бойынша 200 доллар бакандай бір миллионнан анағұрлым көп болғаны ма? Бұл анекдот емес, шындық. Осыған байланысты тағы бір мысал келтірейік. Триллиондап мемлекет қаржысын үнемдеген Ауыл шаруашылығы министрлігіне қарасты Уш шаруашылығы комитетінің бұрынғы төрағасы Ислам Әбішевке қатысты істі айтуға болады. Еліміздің атақты зиялылары бастаған мыңдаған адамдар Президенттің атына хат жазып

өлірген Медет Әбдірахманов бұған дейін 4 рет сотталып, соңғысында бостандыққа мерзімінен бұрын шығыпты. Және төрт ретінде де тонау, зорлық жасау, қыз зорлауға әрекет ету және қасақана кісі өлтіру сынды аса ауыр қылмыстар бойынша жазасын өтеген. Үлгілі тәртібі үшін түрмеден үнемі ерте шығып отырыпты. Бірақ босай салысымен ескі әдетіне қайта басын болған.

Қарағанды облысында түрмеден қайта оралып, үш жастағы баласын мерт еткен Игенбай Сопыжанов осыдан бес жыл бұрын жапа шеккен отбасының бір мүшесін балтамен шауып өлтірген екен. Тоғыз жылға сотталғанымен, мерзімінен бұрын түрмеден босап шығыпты. Қылмыстық атқару жүйесі комитеті түрмедегі тәртібі дұрыс болмаған Сопыжановты мерзімінен бұрын қалай босатқаны түсініксіз. Оған сот қалай келісім беріп жүр? Осыған ұқсас мыңдаған мысалдар келтіруге болады. Әлем алдында жақсы көріну үшін түрмеде отырғандар саны көрсеткішін азайтамыз деп келесі қылмысқа жолды өзіміз ашып беріп отырған жоқпыз ба? Бұл мықтап ойланатын мәселе.

Енді әңгімеңізді түйіндей келе «Біздің соттардың беделі неге соншалықты құлдырап кетті? Халықтың сотқа деген сенімін қалай көтеруге болады?» деген негізгі сұраққа жауап іздеп көрейік. Арнаулы білімі бар, заңды бес саусағындай білетін судьялардың өздері неге солақай шешім шығарады? Біріншіден, бұл салада пара алу әдетке айналған. Әйтпесе, біреулердің жазасын бостан-босқа жеңілдетпейді ғой қылмыскерді мерзімінен бұрын негізсіз бостандыққа да шығармас еді. Екіншіден, жоғары жаққа жалтақтау басым. Яғни, біздің соттар түгелдей билікке тәуелді. Бұл туралы Ұлттық кеңестің соңғы отырысында қоғам қайраткері Мұхтар Тайжан жақсы айтты. Біздегі соттар аудан, қала, республика көлеміндегі басшылар не айтса соны орындайды. Айталық, мемлекеттік органдармен соттасқан азаматтық істерде көпшілік жағдайды қатардағы арызданушы үнемі ұтылып жатады. Неге? Өйткені, өздерінің дұрыс болмаса да сондай тапсырма беріліп қойылған. Оған қоса жоғарыдан тапсырыс беріп, өздеріне ұнамаған лауазымды қызметкерді істі етіп соттау да жок емес. Оны орындамаса судья орнынан айрылып қалуы ғажап емес. Осыны көрген халық, «Әйтеуір де билік басындағылардың сөзімен шешім шығып жатса бізге соттың керегі қанша? Осы саладағы жоғары оқу орындары мен сот мекемелерін түгел жауып тастамаймыз ба? Оларға жұмсалған қаржыны үнемдеп басқа әлеуметтік салаға жұмсамаймыз ба?» деген ойларын да айтып жатыр.

Қандай іс болмасын заң бойынша соңғы нүктені сот қоюға міндетті. Заңды нақты жүзеге асыратын солар. Сондықтан, алдымен судьяларға деген талапты күшейтіп, қатарларын мықтап тазалап, олардың өздеріне дұрыс тәрбиелеу жұмыстарын жүргізумен қатар саладағы саясатты түбірімен өзгерту керек. Біздің соттарға алдымен тәуелсіздік жетіспей жатыр. Ол үшін сот төрағаларын халықтың өзі сайлауы қажет. Сонда ғана олар жеке лауазымдыларға жалтақтамай, әділ шешім шығарып, бұқараның сеніміне ие болады.

Зейнолла АБАЖАН

СОТ САЛАСЫ ҚАШАН САУЫҒАДЫ?



Ашығын айтуымыз керек, бүгінгі күні тұрғындарымыздың сот жүйесіне деген сенімі жоғалған. Жергілікті полицияның жұмысы, жалпы құқық қорғау саласының қызметі де көпшіліктің көңілін көншітпейді. Бұл жайында қоғамдағы әлеуметтік құндылықтарды зерттеп жүрген сарапшылар талай рет мәлімдеген болатын, мерзімді баспасөз беттерінде де тұрақты жазылып келеді. Сондай бір кезекті зерттеуді жүргізген Тұңғыш президент қоры жанындағы әлемдік экономика және саясат институты мен Фридрих Эберт атындағы қор да он сегіз жастан асқан мыңдаған адамдар арасында сауалнама өткізген екен. Нәтижесінде бұл жолы да тұрғындар сот және жалпы құқық қорғау саласымен бірге еліміздегі банк жүйесінің жұмысына да сенімсіздікпен қарайтынын ашық айтып, реніштерін білдірген.

Сауалнама ғана емес, оны осы саланы басқарып отырған лауазымдылар да мойындаған. Мысалы, алдында ҚР Бас прокуроры қызметін атқарып сол жүйеге біраз тәртіп орнатқан, қазіргі Жоғарғы сот төрағасы Жақып Асановтың «Судьялар әділ шешім шығармақ түгілі, сауатты сөйлей алмайды!» дегенінде шындық жатыр. Жақып Асанов судьялардың аймақтарда адамдарды қан қасқатыны үшін Жоғарғы соттың да кінәлі екенін айтқан-ды. Өйткені, өрескел заң бұзып, бұрыс шешім, үстіртін үкім шығарған судья бізде жазаланбайды, оларға от та жок, сот та жок. Сондықтан, апелляциялық соттан үміт үзген жұрт басқа амалы жоқтығынан Жоғарғы сотқа жүгінеді. Апелляциялық соттың бетімен кеткені соншалық, қазылар шағымды көңіл-күйіне қарай қабылдай салады, адам тағдыры оларға ойыншық секілді, арызды терен зерттемейді, ол үшін басын қатырмайды. Жоғарғы сот бір жылда 450 негізсіз үкімнің күшін жойыпты. Ал елімізде шешім шығарғанда өрескел қате жіберген, заң бұзған судьялар жазаланбақ түгілі ол туралы нақты деректер

әкімдіктің өкілдері журналистердің әу бастағы сұрағына «Әкімнің орынбасары Бағдат Мәнізоров іс-сапарда жүр» деп беттері бүлк етпестен мәлімдеме жасағандары БАҚ-та жарияланды. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес агенттігі басшысының бірінші орынбасары Олжас Бектенов те алғашқыда ештеңе білмейтінін айтып жалтарғанмен, шенеуніктің ұсталып қамауға алынғанын бірнеше күннен соң растады. Сонда ол қарамағындағылардың күдіктіні не үшін ұстағандарын да білмегені ме, бассалып сүйрей жөнелгендері ме? Білсе оны неге халқынан жасырады. «Тергеу құпиясы» деген күннің өзінде істің ішек-қарнын ақтармай-ақ, не үшін ұстағанының ұшын ғана шығарып жария етуге болады ғой. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес агенттігі ақырында оның іс әрекеттері Қылмыстық кодекстің 190-баптың 4-бөлімінің, 2-тармағымен айыпталып отырғанын хабарлады. Айтуларына, Бағдат Мәнізоров бұған дейін Алматы мемлекеттік Сәулет-құрылыс бақылау басқармасын екі жыл басқарып, күдікке осы қызметіндегі заңсыздықтары үшін ілінген секілді. Ашықтық болмаған соң, құқық қорғау орындарының «құпиясының» кесірінен сол күндері көпшілік арасында неше түрлі ертегіге бергісіз әңгімелер тарай бастады. Біреулер Мәнізоровты жақтаса, енді біреулер «Миллиардтаған доллары, тонналаған алтыны бар екен!» деген қауесет таратып, оны түйені түгімен, арбаны жүгімен жұтатын жемқорға айналдырып жіберді. Нақты ақпарат берілмеген жерде түрлі арасулар болатынын осыдан-ақ байқауға болады. Ал, істің ақ-қарасы әлі анықталған жоқ, ол «Сот бұл жолы қандай шешім шығарады екен?» деп отырған көпшіліктің жіті назарында. Анығы — оның ұйқамқақ ауыстырлғаны, одан кейін ешқандай мәлімет берілген жоқ. Соған қарағанда, бұл істің шынында да құпиясы көп сияқты, жабулы қазан күйінде қалуы әбден мүмкін.

жол бермесі анық. Ал өздеріне кезкелген жерден бизнес ашуға болады. Біздегі құрылысқа қатысты заң біреу ғана емес пе еді, әлде оны қолында билігі бар адамға бұрмалай беруіне бола ма? Сонда мыңдаған адамдар қайда барып күн көреді? Бұл сұрақ та осы күнге дейін шешімін таппағанға ұқсайды, ұйғарым қабылдаған сот мыңдаған адамдардың мүддесін ескермейті. Бұны неге айтып отырмыз, мәселе тағы да сол сот саласының жауапсыздығына тіреліп тұрған жоқ па?..

Біздегі соттың солақай шешімдері туралы айта берсек, соңы адам сенгісіз қиял-ғажайып ертегіге ұласып кетеді. Сондықтан болар ел арасында сот жұмысы жайлы анекдоттар жетіп артылады. Сыртынан айтып, күлкіге айналдырғанмен, қарапайым халық жеме-жемге келгенде соттың табалдырығын аттауға қорқатын жағдайға жетті. Өйткені, бұл құзырлы орындарда заң емес судья сөйлейді, оның не айтарын бір Құдай біледі. Заңды қалай бұрмалаймын десе де өз еріктері. Бір ғана мысал, онсыз да атышулы «Қорғас» кеденіне қарасты Халықаралық шекаралас ынтымақтастығы орталығының (ХШЫАҚ) бұрынғы президенті Василий Ни мен оның әріптесі Махаббат Сайдуллаева қонақ үй кешенін салуға рұқсат бергені үшін кәсіпкерден бір милли-

оны босатуды сұрағанмен, тым болмаса денсаулығына байланысты ұйқамқақ шығармай жарты жылдан аса түрмеде ұстап, енді бұл істі сүйрелеп сотқа жеткізді. Сондағы тағып отырған басты кінәсі — біреулер арқылы пара алмақшы болыпты-мыс. Жат ойда болды деп сотқа сүйрейтін ол саяси бүлік жасап жатқан жоқ қой. Егер әркімді басындағы жоспарына қарай, «кәлласына» қаңғып кіріп кеткен ойына орай соттай берсек бізде бостандықта ешкім қалмас еді. Көше сыпырушыдан бастап президентімізге дейін «түрменің тұрғындары» атанар едік. Енді бұл жерде де Әбішевтің тағдырын судьялар шешетін болады. Онсыз да беделден жүрдей болған судьялар өз абыройларын өздері айрандай төгіп, қоғамның қарсылығына қарамастан, тағы да солақай шешім шығара ма деген қауіп те жоқ емес.

Қоғамдағы пікірлер мен сарапшы мамандардың айтуынша, біздегі ауыр қылмысқа қолданылатын жаза атаулы тым жеңіл. Оған қоса оның орындалуы да көп сұрақтар тудырады. Жазасын толық өтеп болмай бостандыққа шығарып жіберу жиі орын алады. Содан барып қылмыскерлер қайта қылмыс жасап жатады. Демек жаза жеңілдетілген сайын біздегі қылмыс саны көбейе түседі. Мысалы, көкшетаулық судья Жанна Бердіғұлованы буындырып



Азат ПЕРУАШЕВ:

АУЫЛ ШАРУАШЫЛЫҒЫ МИНИСТРЛІГІ АУЫЛДЫ «ЛАҚТЫРДЫ» МА?

«Ақ жол» партиясы Ауыл шаруашылығы министрлігін ауылда кәсіп қылғандарға субсидия төлемегені үшін сотқа бермек. Бұл туралы Азат Перуашев 2019-2021 жылдарға арналған республикалық бюджетке толықтырулар мен өзгертулер енгізуді талқылау барысында айтты.



Өз сөзінде ол биылғы көктемде, яғни, 13 наурызда «Ақ жол» фракциясының ауыл шаруашылық өндірушілерінің субсидия қарызын өтеу мәселесін шешуді сұрағанын айтты.

«Толықтырылған бюджеттен көріп отырғанымыздай, бұл мәселе әлі де шешілмеген сыңайлы. 37 млрд. теңге сомасындағы қарыз өтелмеген. Қаржы министрлігінің түсіндіруінше Ауыл шаруашылық министрлігі жаңа тәсілдерді қолдануға арналған субсидиялаудың тиімділігін есептеп беруді керек екен.

Алайда, бұдан бірнеше жыл бұрын субсидиялау бағдарламасы мекемеаралық келіссөздерден өтіп, оның тиімділігі алдын ала есептеліп, содан соң ғана бекітілді емес пе?

Енді не себепті бүкіл Қазақстан бойынша жүздеген-мыңдаған шаруалар мемлекетке сенім артып, бар ақшаларын салып, несие алғанда (ол үшін барлық бюрократияның тозағынан өтіп) — не себепті мемлекеттік органдар

ұйқыдан енді оянғандай бас тартып отыр? Артық кетсем кешірсіздер, бұл ауыл шаруашылығы министрлігінің ауылды «лақтырды» деген сөзі емес пе?!

Жұмыссыздықпен күреске бағытталған қаражат осында жұмсалуды тиіс! Атаулы әлеуметтік көмек алушылардың саны өскенін де осыдан іздеуіміз керек!

Ауыл азаматтарын өндірістік кәсіпте қолдаудың орнына шенеуніктер бос жүргендерге көмек көрсетіп әлек.

Бұл экономикалық саясат емес, «кисық айнардың патшалығы»! Біздің фракция ауыл шаруашылығын субсидиялауға қаражат бөлуді талап етеді», — деді Перуашев. Ол «Ақ жол» партиясының ауыл кәсіпкерлігін қорғау үшін сотқа баруға да дайын екенін атап көрсетті.

Партия жетекшісі тиісінше шағымды ауыл шаруашылығы министрлігіне даярлап жатқанын айтты.

Азат ПЕРУАШЕВ:

ИСЛАМ ӘБИШЕВТИҢ ІСІНДЕ БІЗ ТЕК ӘДІЛ СОТТЫ ТАЛАП ЕТЕМІЗ

БҮКІЛ СОТ ЖҮЙЕСІ, ӘДІЛ СОТ —
ЕЛІМІЗДЕГІ ЕҢ КӨКЕЙТЕСТІ МӘСЕЛЕ



«Ақ жол» партиясының төрағасы, Мәжіліс депутаты Азат Перуашев Су комитетінің экс-төрағасы Ислам Әбішевтің ісінде «әділ сотты талап ететінін» мәлімдеді. Бұл туралы ол abai.kz порталына берген сұхбатында айтты.

— Мен бұл кісімен жақын араласпсам да, оның кәсіби біліктілігінен хабардармын. Оның мемлекетшілдігі жайлы көп естігенмін. Мысалы, су бағдарламасын іске асыру барысында бұл кісі оны орындап қана қоймай, халықтың бір триллионға жуық қаржысын үнемдегенінен де хабарымыз бар. Сондықтан, мен ол кісіге тек амандық пен жақсылық тілеймін. Ал қазіргі дау бойынша біз тек әділ сотты талап етеміз. Тіпті, мәселе тек Ислам Әбішевте емес, бүкіл сот жүйесінде. Себебі, әділ сот мәселесі — еліміздегі ең көкейтесті мәселелердің бірі.

Сосын ол кісі партиямыздың мүшесі емес, саяси проблемалар көтерген жоқ. Сондықтан, осы сот процесіне партияны араластырып, саясиландырудың қажеті жоқ деп есептеймін. Ал кімнің дұрыс, кімнің бұрыс екендігіне баға беру, бір топты қолдау немесе қарсы шығу біздің партияның құзырындағы шаруа емес. Әйтеуір адалдық, сабырлық, адамгершілік болсын.

Әбішевті қолдаушылардың арасында партиямыздың басшыларының бірі Қазыбек Иса жүргенін білемін. Бұл жерде Қазыбек ағамыз партияның атынан емес, жеке өзінің азаматтық көзқарасы бойынша араша түсуде. Және оған оның толық құқығы бар. Өз пікірін білдіру үшін сөз бостандығы деген конституциялық ұғым бар. Оны қолдану үшін, меніңше, кез келген азаматқа ешқандай қосымша рұқсат керек емес. Бұл құқықты не партия, не басқа ұйым шектей алмайды. Ал, Қазекен, мықты журналист ретінде сөз бостандығының не екенін жақсы біледі және өзінің сөзіне жауап беруге қабілеті бар азамат, — деді депутат өз сөзінде.

ЖЕКЕ КӘСІПКЕРЛЕРГЕ САЛЫНАТЫН САЛЫҚ «АҚ ЖОЛ» ПАРТИЯСЫНЫҢ НАЗАРЫНДА

«Ақ жол» партиясы Қаржы министрлігінен жеке кәсіпкерлердің патентін сақтап, бақылау-кассалық аппараттарды енгізуді міндеттеуді 2023 жылға дейін тоқтата тұруын қайта сұрайды — осындай депутаттық сауалды бүгін Дания Еспаева Қаржы министрі Әлихан Смайыловқа жолдады.



Естеріңізде болса, 2020 жылдың 1-қазанынан бастап жеке кәсіпкерлерді толығымен онлайн бақылау-кассалық аппаратына көшіру міндеттелген болатын. Депутаттың сөзінше аталмыш өзгеріс шағын бизнес иелеріне едәуір салмақ түсіреді.

Себебі, ақпарат алмасу функциясы қосылған жаңа бақылау-кассалық аппаратының шығыны (аппараттың өзін, оның банктік және POS-терминалы комиссиясын қоса алғанда) — шағын бизнес пайдасының 30%-н құрамақ. Ал ол қосымша шығынның пайдасы бюджетке емес, жеке компанияларға, банктерге, «Қазактелекомға» кетеді.

«Сондағы парадоксты қараныз: мемлекет бір жағынан күнкөрісі төмен азаматтарды қолдауға миллиардтаған қаржы бөлсе, екінші жағынан осындай қосымша жүктемелер арқылы бар кәсіпкердің өзін «шығарып тастауда», — дейді Еспаева.

Бұның алдында, дәлірек 15 мамырда, «Ақ жол» партиясы арнайы салық режимінде жұмыс істеп жатқан жеке

кәсіпкерлерге патенттің сақталуын сұраған болатын. Депутаттардың бұл өтініші 13-маусымдағы хатқа сәйкес құпталмаған еді.

Алайда, Президент Қасым-Жомарт Тоқаев өзінің алғашқы Халыққа жолдауында: «Біз шағын бизнесті қолдауымыз қажет. Үкіметке микро және шағын бизнес саласындағы компанияларды табысқа салына-тын салықтан үш жылға босату үшін заңнамалық база әзірлеуді тапсырамын», — деген болатын.

«Осы себепті, арнайы салықтық режимдегі жеке кәсіпкерлерді жаңа бақылау-кассалық аппараттарын пайдалануға міндеттеуді, тым болмағанда 2023 жылға дейін, тоқтата тұру керек деп есептеймін», — деп қорытындылады өз сөзін ақжолдық депутат. «Ақ жол» партиясына шағын бизнес өкілдерінен салықшылардың міндеттемесіне байланысты, көптеген шағымдар түсіп жатыр. Сол себепті, «Ақ жол» партиясы бұл мәселенің қайта қаралуын сұрайды.

АУЫЛШАРУАШЫЛЫҒЫ КӘСІПКЕРЛЕРІНІҢ СУБСИДИЯ МӘСЕЛЕСІ ҚАРАЛДЫ

Бас прокуратура «Ақ жол» партиясының сұрауы бойынша ауыл мемлекеттік органдардың шаруашылығы кәсіпкерлеріне субсидияны тоқтатуына байланысты мәселені қарастырмақ.

Бас прокуратура мен «Атамекен» ұлттық палатасы ұйымдастырған бизнесті қорғау жөніндегі форумда «Ақ жол» партиясының жетекшісі Азат Перуашев еліміздің бас прокуроры Ғизат Нұрдәулетовке ауыл шаруашылығы кәсіпкерлерін қолдауға бағытталған өтінішін жеткізген болатын.

Бас прокурор өтінішпен танысып, оны өзінің орынбасары Болат Дембаевқа тапсырды.

Естеріңізге сала кетсек, 9-қазан күні

Мәжілісте бюджет талқылауы барысында Азат Перуашев мемлекеттік органдарды крестьяндық және фермерлік шаруалықтарға уәде етілген субсидияларын төлемеуіне байланысты, қатты сынға алған болатын.

Ол «Ақ жол» партиясының ауыл кәсіпкерлігін қорғау үшін сотқа баруға да дайын екенін атап айтқан.

«Бүкіл Қазақстан бойынша жүздеген-мыңдаған шаруалар мемлекетке сенім артып, бар ақшаларын салып, несие алғанда (ол үшін барлық бюрократияның тозағынан өтіп) — не себепті мемлекеттік органдар ұйқыдан енді оянғандай бас тартып отыр? Артық кетсем кешірсіздер, бұл ауыл шаруашылығы министрлігінің

ауылды «лақтырды» деген сөзі емес пе?! Біздің фракция ауыл шаруашылығын субсидиялауға қаражат бөлуді талап етеді», — деп айтқан болатын ол өз сөзінде.

«Ақ жол» жетекшісінің бүгінгі Бас прокурорға өтініші депутаттардың бұл мәселеде алған беттерінен қайтпайтынын дәлелдеп отыр.

«Ақ жол» партиясы мен оның парламенттік фракциясы сайлауалды бағдарламасы бойынша отандық бизнес мүддесін қорғаудағы жұмысын әрі қарай жалғастыра береді.

«Ақ жол» партиясының
баспасөз қызметі

АҚОРДА ҚАЗАҚША СӨЙЛЕМЕЙ, ҚАЗАҚСТАН ҚАЗАҚША СӨЙЛЕМЕЙДІ!

«Ең бастысы -Қазақ тілі болуы тиіс»

Қазақстан Президенті Қ.Тоқаев

Кеше Ақордада Қазақстан Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев Ұлттық Кеңес мүшесі, белгілі экономист, саясаткер Ураз Джандосовты қабылдады.

Осы жерде: «Қазақ Президенті мен Қазақ саясаткері қай тілде сөйлесті екен?» – деген сұрақ қойсақ, бұны оқыған өзге елдің азаматтары «Бұлардың есі ауысқан ба, әрине, ҚАЗАҚ ТІЛІНДЕ!», – деп, сұрақ қоюшы біз байғұсты кінәләп тастайды.

Ал шынында да, АҚОРДАДА ҚАЗАҚТАР ҚАЙ ТІЛДЕ СӨЙЛЕСТІ?

Әрине, екі қазақ ҚАЗАҚ ТІЛІНДЕ – МЕМЛЕКЕТТІК ТІЛДЕ емес – шет тілінде – РЕСЕЙ ТІЛІНДЕ СӨЙЛЕСТІ! Өйткені, Ураз Джандосов Қазақ тілін – Мемлекеттік тілді білмей-ақ және білгісі де келмей-ақ, вице-премьерлікке дейін көтерілген саясаткер!

Егер мемлекет тізгінін ала салысымен «Ең бастысы – Қазақ тілі болуы тиіс» деп мәлімдеген

Қазақстан Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев қазақ Ураз Джандосовтар түгілі, «қазақша білуге міндетті



емеспін» дейтін, халық қазынансынан жәрдемақы алған халықты сол үшін, «билікке тізерлеп тұрып рахмет айтуы керек» деген Қазақстан Парламенті вице-спикері Владимир Божкомен де Мемлекеттік тілде сөйлессе, шынында да, ЕҢ БАСТЫСЫ – ҚАЗАҚ ТІЛІ» болар еді... Иә, ол үшін, мемлекет басшысы айтқандай: «Қазақ тілі ұлтаралық қарым-

катынас тілі болуы керек» алдымен Конституциямыздан орыс тілі туралы 7-ші баптың 2-ші тармағын алып тастауымыз керек!

АҚОРДА ҚАЗАҚША СӨЙЛЕМЕЙ, ҚАЗАҚСТАН ҚАЗАҚША СӨЙЛЕМЕЙДІ!

Қазыбек ИСА
qazaquni.kz



Абзал ҚҰСПАН:

«ЭЙР АСТАНА» БАСШЫСЫ ҚАЗАҚ ХАЛҚЫНАН КЕШІРІМ СҰРАУЫ КЕРЕК

Белгілі тіл жанашыры Оғыз Доғанды «Fly Arystan» – «Air Astana» әуекомпаниялары қара тізімге енгізіп, ұшақ бортына отырғызбағаны туралы «Қазақ үні» ақпарат агенттігі ақпарат жариялаған болатын. Онда белгілі ақын, Ұлттық Кеңес мүшесі Қазыбек Иса бұл даулы істе Оғыз Доғанның мүддесі танымал заңгер Абзал Құспан қорғайтындығын айтқан болатын. Бүгін Абзал Құспан «Air Astana» әуекомпаниясын қайта сотқа беретінін айтып, компания басшысы Питер Фостердің атына жазылған сотқа дейінгі талап арызды «Қазақ үні» редакциясына жолдады.

одан кейін де хат жазғам, тұтынушылар құқығын бұзбауыңыз туралы ескерткем. Оның бәріне шығарып салма жауаптар алғам.

Бірақ, Қазақстан сияқты үшінші сортты елдерде де Турсагулова Айгүл Тұрсынқызы (Алматы қаласы, Түрксіб аудандық сотының судьясы), Оғыз Доған сияқты принципті, заңмен бекітілген құқықтарын пайдалана алатын, заңды сыйлата алатын азаматтар кездесіп қалады.

Кеше, қазан айының 9-күні Нұр-Сұлтан халықаралық әуежайында «Эйр Астананың» еншілес компаниясы «Fly Arystan» лоукостерінің қызметкерлері, осы компания билетін сатып алған Оғыз Доғанды бортқа жіберуден бас тартқан. Оған себеп ретінде, ол азаматтың «Эйр Астана» компаниясымен «қара тізімге» енгізілгені аталды. Нәтижесінде, Оғыз Доған және оның келіншегі мен сәбиі, барлығы 3 адам жолдан қалды.

Әрине, «Эйр Астана» сияқты алып компанияға бір-екі тұтынушының құқығы бұзылғаны, олардың заңды түрде сатып алған билеттері бола тұра далада қалғандары «шыбын шаққан құрлы әсер етпейтінін» мен жақсы түсінемін.

Дегенмен, Сіздің Қазақстан деген елде өмір сүріп жатқаныңызды, ол елде де

зандар және заң орындары, ал ең бастысы сол заңды құқықтарын талап ете алатын сауатты азаматтар бар екенін ескере отырып, мына сауалдарға жауап бере кетуіңізді сұраймын;

– Сіздің және Сіз басқарып отырған компаниялардың қазақ тіліне деген көзқарасы қандай?

– Сіздің және Сіз басқарып отырған компаниялардың Қазақстан заңдарына көзқарасы қандай?

– Тұтынушы Оғыз Доғанның «Эйр Астана» компаниясының сотта толық жеңілуінен кейін «қара тізімге» енуі, сол сот шешіміне байланысты ма?

– Жалпы «Эйр Астана» компаниясының «қара тізімі» Қазақстанның қай заңына немесе нормативтік актісіне негізделген?

– Егер ол «қара тізім» Қазақстан заңдарына негізделмеген жағдайда, қандай халықаралық нормаларға негізделген, ол актілер Қазақстан Парламентімен ратификацияланған ба?

– Алматы Қаласы, Түрксіб аудандық сотының, қазіргі кезде толық заңды күшіне енген шешімінің (сөзбе-сөз) «Эйр Астана» Акционерлік қоғамының әуе компаниясына тиесілі әуе кемесінің кабина экипажының мүшелері болып табылатын бортсеріктерінің қазақ тілінде қызмет



көрсетпеу әрекеті заңсыз деп танылсын» деген талабын Сіздің компания тарапынан орындалды ма?

Питер Фостер мырза, осы сұрақтар және жоғарыда аталған мәселе бойынша Сізден тұщымды жауап күтемін. Әрине, бұл шаруаны да әдеттегіше «Сіздерге осы жарайды» дегендей ортанқол менеджеріңізге тапсыратыныңыз, ал оның жарым-жартылай жауап беретіні түсінікті, дегенмен, бұл жолы біз қазақстандық сотпен ғана шектеліп қалмайтынымызды ескерте отырып, жеке өзіңіз жауап қатып, біз сияқты үшінші сортты тұтынушыларыңызға да құрмет көрсетеді деп сенемін!

Жоғарыда аталғандардың негізінде, ҚР АПК-нің 8-бабы, 6-тармағын, «Тұтынушылардың құқығын қорғау туралы» ҚР Заңының 22-бабын басшылыққа ала отырып,

ТАЛАП ЕТЕМІН:

Дауды сотқа дейінгі тәртіпте реттеу мақсатында осы талапты мәні бойынша қарауды;

Қазақ тілін осымен нешінші мәрте дауға айналдырып, қоғам арасына жік салғаны үшін жауапты, компаниядағы лауазымды тұлғаларға қатысты, нақты шаралар қолдануды;

Тұтынушы Оғыз Доған және оның отбасынан кешірім сұрауыңызды, оған келтірілген материалдық шығындардың орнын толтыруыңызды;

Қазақ тіліне қатысты заң талаптары сақталмағаны және мәселені дауға айналдырғаны үшін компания басшылығы атынан қазақ халқы алдында кешірім сұрауды;

Осы талапты он күн мерзім ішінде қарап, жауап беруді сұраймын.

Талапқа жалғанды: сенімхат 1-бетте.

СОТҚА ДЕЙІНГІ ТАЛАП

Питер Фостер мырза!

Сіздің Қазақстанға дейінгі атқарған қызметтеріңізді қарап отырсам, бұған дейін Азия, Европа, Австралия, оның ішінде Гонконг, Азия, Филиппин елдерінде «John Swire and Sons (HK)», «Cathay Pacific Airways Ltd», «Philippine Airlines Inc», «Royal Brunei Airlines» сияқты әуе компанияларында қызмет атқарған екенсіз.

«Эйр Астана» компаниясының Президенті ретінде Қазақстанда 2005 жылдан бері қызметтесіз, яғни, Қазақстанда тұрып жатқаныңызға 15 жылға жуықтапты.

Сіздің өмірлік жолыңызды қарап отырып, Қазақстан сияқты үшінші сортты дамушы елдерде мемлекеттік тіл, ұлттық намыс мәселелерінің қаншалықты кенжелеп қалғанын, ондай елдегі жергілікті тұрғындарға, аборигендерге қарағандай жоғарыдан менсінбей қарайтындығыңызды түсінемін және өкінішке қарай келісемін де...

Ия, тек біз сияқты үшінші сортты елдерде ғана заңда ақ қағазға қара сиямен «Қазақстан Республикасының азаматтық әуе кемесінің кабина экипажының мүшелері жолаушыларға қызмет көрсетуде қазақ тілін еркін меңгеруге міндетті» – деп бадырайтып жазып қойса да, оны мойындамай соттаса аласыздар. Тек біздің елдерде ғана тараптың бір жағы «Эйр Астана» болғандықтан, бірінен соң бірі судьялар істі қараудан бастарын ала қашады, біздің елдерде ғана Сіздер, заңды күшіне енген сот шешіміне құрметсіздік көрсете аласыздар және ол үшін Сізге немесе Сіз басқарып отырған компанияға ешқандай салдар тудырмайтынын жақсы білесіздер. Сізге өз басым Оғыз Доған жағдайына дейін де,



ҚАЗАҚСТАН СОТЫНА ҚАЗАҚ ТІЛІНІҢ ҚҰНЫ БІР ТИЫН!

«Тентектің айтқаны келмейді сандырағы келеді» дегендей, «қазақ тілін білмегені үшін сотты жүргізуге сенімсіздік білдірілген судья түстен кейін қайтып келуі мүмкін» деген сөзді қайдан жаза қалып едім, тура солай болды...

Иә, түске дейін мен фейсбук парақшамда: «Ол судья К. Мекемтас енді қазақ тілін үйрену курсына кетті ме, әлде қазақ тілін мазак тілге айналдырғаны үшін өз еркімен орнын босатуға арыз

беруге кетті ме, ол жағы әзірге белгісіз... Түстен кейін «Елордада қазақ тілін менен артық білетін сот жоқ» деп, қайтып келіп сотты жүргізе беруі де әбден мүмкін... Өйткені, біз Қазақстанда өмір сүреміз ғой, ал бізде бәрі де бола береді» деп жазған болатынмын.

Сонымен судья К.Мекемтастың 2 беттік шешімінен Қазақ тілінен табылған 76 қатеге көз жұма қараған сот судья К.Мекемтас сот жүргізуге құқы бар деп шешім қабылдады.

Сонымен, алдын ала біз

жазғанымыздай, Қазақстан астанасында екі бет қағаздан 76 қате жіберетін, жарымжан сөйлемдерін адам түсінуі қиын судья К.Мекемтастан артық қазақ тілін білетін сот жоқ болып шықты!..

Бұл шешім – ҚАЗАҚСТАН СОТЫНА ҚАЗАҚ ТІЛІНІҢ ҚҰНЫ БІР ТИЫН деген сөз!

Мұндай масқараға да куә болдық біз пақыр!..

Иә, бізде бәрі де болады...

Қазыбек ИСА



Сабыржан МАХМЕТ:

ИСЛАМ ӘБІШЕВ СОТЫНА АҚИҚАТ ПЕН ӘДІЛДІК ІЗДЕГЕН АЗАМАТТАР КЕЛУІ ТИІС

Ислам Әбішевтің соты өтетінінен хабардар ел қайта-қайта хабарласуда. Әсіресе, зиялы қауымның алаңдауы күшті... Өткенде елордамызға арнайы келіп, баспасөз мәслихатына қатысып кеткен әйгілі жазушы Дулат Исабек көкеміз құнара телефон соғады. Телефонды көтермей қалсаң, бітті, сөгіс естуге дайындала бересің... «Күні бойы телефон соғып ала алмадым, осы сендер телефондарыңды құдыққа тастап жібересіңдер ме?», – деп біраз кейіп алады...

Белгілі жазушылар Бексұлтан Нұржеке мен Смағұл Елубай ағаларымыз кездескен сайын Ислам Әбіштің жағдайын сұрап: «Осы біздің президентке жазған Ашық хатымыздан не хабар бар?», – деп қояды. «Әлі белгісіз болып тұр, бірақ сіздер бастап қол қойған хатқа қолдап, қол қойғандар саны 200 мыңдай болды» – десем, «Елдің қолдап жатқаны жақсы екен», – дейді.

Иә, Ердің тағдырына алаңдаған елдің ерекше тұлғаларына ризамыз. Әйтпесе, кезінде Исекеннің телефонына тыным бермей, есігінің алдынан шықпайтын талайларды таппай қалғанымыз рас...

Бүгін сәскеде әйгілі кикбокс шебері, Қазақстанның еңбек сіңірген бапкері, «Жекпе-жек» федерациясының негізін қалаған басшысы, қоғам қайраткері Сабыржан Махмет хабарласты. Қай жерде, қай елде жүрсе де «Қазақ үні» сайтына қарап жүретінін айтып, түрмеде жатқан Ислам Әбішев пен Серік Төкеевтің жағдайын сұрап, соттың қашан болатынын біліп алды.

Өзі де кезінде жазықсыз сотталып, 7 жылдай түрмеде мерзімін өтеп шыққан адам ретінде абактыдағы екі азаматтың тағдырына алаңдап тұрғаны айқын аңғарылады. Қызу әңгімесінің арасында біреулерді жақсылап тұрып шетел тілінде сыбап алды...

«Ислам Әбішев ағамызды бұрыннан асыл азамат ретінде сыртынан танитынмын. 2011 жылы Өскемен қаласы әкімі кезінде, облыс әкімі Бердібек Сапарбаев еді, Қазақстанның ұлттық спорт ойындарының республикалық фестивалын керемет ұйымдастырып өткізгені есімде. Одан кейін солай тамаша өткен фестиваль Қырымбек Көшербаевтың әкім кезінде Қызылорда облысында болды. Ал Исекен Дүниежүзілік Қазақ күресі федерациясы президенті болғалы бері қазақтың ұлттық спортына шын жанашырлығын байқадым. Оның себебі – Қазақ күресінің қайраткері Серік Төкеевті өте жақсы білемін. Ал Серік болса, өзі бүгінгі күнгі биігіне жеткізген Дүниежүзілік Қазақ күресі федерациясының тізгінін кез келген кісінің қолына ұстата қоймайды. Серік Төкеев кезінде Қазақ күресі ешкімге керек болмай қалған кезде бір өзі бар ауырталығын көтеріп, бар күшін жұмсаған азамат!

Біз де бәрі қолдап қол қойып жатқан екі жүз мыңдай елмен бірге қазақтың ардақты азаматтары Ислам Әбішев пен Серік Төкеевтің ісі әділ шешілуін тілейміз!

Иссапарда жүргендіктен, сотқа үлгергенімше барып қатысамын.

Ал ертеңгі болар сотқа Ақиқат пен Әділдік іздеген барша ұлтшыл азаматтар келуі тиіс қой!» – деді ағамыз.

Біз де аты аңызға айналған атакты спорт тарланына Ақ жол тілеп, алғыс айттық.

Бәрімізді Жеңісті күндерде жолығуға жазсын!

Қазыбек ИСА

Ислам ӘБІШ:

СІЗДЕЙ СУДЬЯҒА АДАМ ТАҒДЫРЫН СЕНІП ТАПСЫРУҒА БОЛМАЙДЫ! ИСЛАМ ӘБІШ СОТЫНДА СУДЬЯҒА СЕНІМСІЗДІК БІЛДІРІЛДІ! МЕМЛЕКЕТТІК ТІЛДІ ЖЕТІК БІЛМЕГЕНІ ҮШІН сенімсіздік білдіру – ҚАЗАҚ ТІЛІНІҢ ЖЕҢІСІ

Судья Мекемтасқа өз ісіне жауапты қарамағаны және шешіміндегі қазақ тілінен қаптаған қып-қызыл қателері үшін Ислам Әбіш пен Серік Төкеев және адвокаттар мен қорғаушылардың барлығы сенімсіздік танытып, оның іс жүргізуіне қарсы болды.

1. Судья адвокат Абзал Құспаннның 30 қыркүйектегі берген 8 өтінішінің біреуін де қанағаттандырмай, шалашарпы негіздемемен қайтара салған. Бір өтініші – Сыбайлас жемқорлыққа қарсы Ұлттық бюро төрағасы А. Шпекбаевты куә ретінде шақыруына да берген негіздемесі сенімсіз. Ал бір өтінішке мүлде жауап берілмеген.

2. Судья Мекемтастың бір жарым беттік шешімінен адвокат Абзал Құспан 78 қате шығарған.

Тіл институтында жасалған негізгі сараптама да бар, ол алда жарияланады.

Ислам Әбіш судьяға: «8 өтініштің біреуіне де сенімді жауап бере алмаған, қазақ тілінде қып-қызыл қатемен жазған, алдын-ала дайын шешімді оқып беруден басқаны білмейтін СІЗДЕЙ СУДЬЯҒА АДАМ ТАҒДЫРЫ ТҮГІЛ МАСА ТАҒДЫРЫН СЕНІП ТАПСЫРУҒА БОЛМАЙДЫ!», – деді. Екі адвокат та, Абзал Құспан мен Ерлан Мәкенов те тамаша сөйледі! Нақты, дәл, тура айтылған, заңмен бекітілген, шегедей қағылған дәлел,



Судья К.Мекемтас

шешен тілмен сөйленген сөзге судья ешнәрсе дей алмай, сот залын тастап шығып кетті!

Бұл Қазақстан астанасы Нұр-Сұлтан қаласындағы соттың түрі!? Сонда басқа өңірлердегі, әсіресе, солтүстіктегі, шығыстағы қалалардың соттары қандай күйде екен?

Міне, біздің Тәуелсіз Қазақстанның 30 жылында Мемлекеттік тілді менгеру – Мемлекеттік мүдде, жалпы ұлттық идеологиядағы жеткен жеріміз, «жетістігіміз»!

Ол судья Мекемтас енді қазақ тілін үйрену курсына кетті ме, әлде қазақ тілін мазак тілге айналдырғаны үшін өз еркімен орнын босатуға арыз беруге кетті ме, ол жағы әзірге белгісіз... Түстен кейін «Елордада қазақ тілін менен артық білетін

сот жоқ», – деп, қайтып келіп сотты жүргізе беруі де әбден мүмкін... Өйткені, біз Қазақстанда өмір сүреміз ғой, ал бізде бәрі де бола береді. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес ұлттық бюро төрағасы А.Шпекбаев Дүниежүзі Қазақ күресі федерациясы төрағасы Ислам Әбішті тұтқындап, өз еркімен федерациядан кетуге арыз жаздырып алып, бір аптаға жетпей орнына өзі отырып алып жатса, басқадан не сұрауға болады?! Адвокат Абзал Құспан оны сол үшін сотқа куәлікке шақырған болатын... Ал біздің Қазақстанның азаматтары Конституциямыз бойынша бәрі тең құқылы деп жүрсек, олай емес екен! Сотқа шақыруға болатындар және сотқа шақыруға болмайтындар болып екіге бөлінеді екен?!

Ислам Әбіш сотында МЕМЛЕКЕТТІК ТІЛДІ ЖЕТІК БІЛМЕГЕНІ ҮШІН судьяға сенімсіздік білдіру – ҚАЗАҚ ТІЛІ ЖЕҢІСІНІҢ АЛҒАШҚЫ ҚАДАМЫ!

Енді сот әділдігінің Жеңісіне жете берейік!

Ислам Әбіш сотына келген адамдар залға сыймай қалды. Сот судья Мекемтасқа сенімсіздік бойынша шешім шығару үшін үзіліс жариялады. Сот түстен кейін 14-45-те жалғасады!

Қазыбек ИСА

Ислам ӘБІШ:

«БІЗДІ ҚАМАП ТАСТАП, БІЗДІҢ ОРНЫМЫЗҒА ОТЫРЫП АЛҒАН ШПЕКБАЕВТЫ НЕГЕ КУӘЛІККЕ ШАҚЫРМАЙДЫ?»

ИСЛАМ ӘБІШ СОТЫНЫҢ ҮШІНШІ КҮНІ

Суық жерде тіке тұрғызып қоюдың және адам отыруға өте қиын суық автозәкпен әкелудің кесірінен Ислам Әбішевтің тағы да аяғы тартылып қалып жедел-жәрдем шақыртуға тура келді. Сот сондықтан, 45 минуттай кешігіп басталды.

Сотта қорғаушылар Марат Адамов пен Қайрат Төкеевті сот залына кіргізбегені үшін сот приставына сенімсіздік білдірілді.

Сот шешім қабылдау үшін үзіліс жариялады. Үзілісте Ислам Әбіш журналистерге өзінің сот ісі бойынша келіспейтін мәселелерін мәлімдеді.

Соттың алғашқы күні екі беттен 76 қате шығарған

сот К.Мекемтасқа сенімсіздік неге қабылданбағанына түсінбейтінін айтқан Ислам Әбіш: «Бізді қамап тастап, біздің орнымызға – Дүниежүзілік Қазақ күресі федерациясы төрағалығына отырып алған Сыбайлас жемқорлыққа қарсы ұлттық бюро төрағасы ШПЕКБАЕВТЫ НЕГЕ СОТ КУӘЛІККЕ ШАҚЫРМАЙДЫ?», – деді ол.

Ислам Әбіш пен Серік Төкеевті қорғау үшін елдің әр өңірінен тілектестер көптеп келуде. Солардың бірі, ел ағасы Тойым Жүніс өзінің қолдау сөзін айтты.

Сот жалғасуда.

qazaquni.kz

ШПЕКБАЕВ НЕГЕ СОТҚА ШАҚЫРЫЛМАЙДЫ?

14-қазанда Нұр-Сұлтан қаласындағы ауданаралық мамандандырылған қылмыстық сотта Ауыл шаруашылығы министрлігі Су ресурстары комитетінің төрағасы Ислам Әбішев пен Қазақ күресі дүниежүзілік федерациясының вице-президенті Серік Түкеевтің (ал, федерация президенті – И.Әбішев) қылмыстық ісінің сот тергеуі басталды. Сот басталмай жатып оған төрағалық етуші сдья К.Мекемтасқа қорғаушылар Е.Мәкенов пен А.Құспан сенімсіздік білдірді. Себеп? Судья Мекемтас осының алдында қорғаушылар берген 6 өтініш хатты (ходатайство) қабылдамай қайтарған. Біреуін тіпті қарамаған да. Оларды сотта оқып шығудың өзіне А.Құспанға бір сағаттан астам уақыт қажет болған, ал, судьяға оның бәрін оқып шығуына, саралауына, 2 бетке жуық қорытынды жазуына жарты сағат жетіпті. Осы 2 бетте судья 78 қате жіберген. (Гиннесстің рекордтар кітабына ұсынса бәйге алып қалуы әбден мүмкін...). «Бұндай сауатсыз судьяға адам тағдырын қалай сеніп тапсыруға болады?» деді қорғаушы А.Құспан.

Екіншіден, Сыбайлас жемқорлыққа қарсы ұлттық бюро басшысы А.Шпекбаевты – И.Әбішевті түрмеге тығып, одан Дүниежүзілік қазақ күресі федерациясының президентігін тартып алған адам - куә ретінде сот тергеуіне шақырылғаны деген өтінішті «тергеу кезінде шақырылмаған» деген желеумен қабылдамай тастаған. «Тергеу кезіндегі куәлерден басқалар шақырылмайтын болса, онда сот тергеуінің не қажеті бар?», – дейді А.Құспан.

Бұл – қазақ сотының трагедиясы. Енді фарс жайлы. Судьяға сенімсіздік білдірілген соң ауданаралық мамандандырылған сот ұзақ ақылдасты. Соңында ...судья Мекемтасты қайта әкеліп отырғызды. Белгілі акын Қазыбек Иса айтқандай, «Астана қаласындағы судьялар арасында қазақ тілін Мекемтастан жақсы білетін судья жоқ болса керек». Қорғаушылардың жана ғана сенімсіздік білдірген судьяға енді «сенеміз» демеске амалы қалмады. Фарс емей не бұның аты?.. Әрине, қорғаушылардың сенімсіздік білдірілген судьяны ұялмай-қызармай қайта әкеліп отырған (біз «ұялмай-қызармай» деген сөзді тырнақшаға алмай жазып отырғанымыз, сенімсіздік білдірген судьяны қайта алып келген – бұл бүгінгі қазақ соты үшін қалыпты жағдай) бүкіл ауданаралық сот құрамына сенімсіздік білдіруге болар еді, бірақ, одан сотталушыларға тар қапастағы мерзімін ұзартып алғаннан басқа не пайда? Олар курорттың жанға жайлы төсегінде жатқан жақ кой? Онсыз да сот тергеуі табаны күректей 7 ай дегенде зорға басталып отыр. Екіншіден, бұрынғы қазақтың билер соты заманы емес бүгін – айыпталушы өзінің ісін қарайтын қазыны таңдау құқығынан айрылған. Ендеше, «Самарқанда бір апам бар, ол менен де сорақының» кері келмесіне кім кепіл?..

Сот осылай басталды. Әлі талай «шыжыққа» куә боламыз-ау...



СОТТАҒЫ ТРАГЕДИЯ мен ФАРС

ПРОКУРАТУРАНЫҢ ПРИНЦИПІ «ВОКРУГ ДА ОКОЛО» МА?..

Ислам Әбішев пен Серік Түкеев сотының екінші күнін қорытындылауды И.Әбішевтің қорғаушысы Абзал Құспаннан өтінген едік: «Бүгін сотқа шақырылып, түсінік берген куәлердің ешқайсысының И.Әбішевке тағылған айыпқа, С.Түкеев туралы мүлдем айтпасақ та болады, ешқандай қатысы жоқ! Әдетте қылмыстық іс дәлелденбей жатқан кезде прокуратура не істейді? Сотқа ішінара қатысы бар адамдарды шақырып алып, орыстар «вокруг да около» демей ме, міне, сол әдіспен бір сұрақтың төңірегін шиырлай береді, шиырлай береді... Прокуратура не айтқысы келіп отыр? «Қазбайлық-Астана» деген мекемемен Су ресурстары комитеті 2018 жылдың күзінде келісім-шарт жасасады. Ешқандай дау-дамайсыз, арызсыз, қатардағы келісім-шарт, И.Әбішев оған қол қояды. Сол шартпен күні бүгін де жұмыс жүріп жатыр. 2019 жылдың басында қосымша шарт жасалатын болады. Шарт жасайын десе, Қаржы министрлігінен 2019 жылы 10 қаңтарда хат келеді: «Бюджетті үнемденіздер, секвестрге байланысты басталмаған нысандарды қаржыландыруды тоқтата тұрыңыздар». Болды. И.Әбішев тек «Қазбайлық-Астана» емес, екінші бір «ТОО «Баймен» деген компания бар, «онымен де әзірге шарт жасаспай тұра тұрындар» дейді. Алдымен олекі компанияға ауызша ескертіледі. Ондағы ойы – компаниялар жұмысты бастай беру үшін кредит алып, техникасын, заттарын апарып, бекер шығынданбай тұра тұрсын деген ой. Сол кезде «Қазбайлықтан» хат келеді: «Шарт жасайсыздар ма, жасамайсыздар а?» Оған ауызша айтылғанды қайталап, жазбаша жауап беріледі. Прокуратура «шарт жасасқан кезде ала алмай қалған параны И.Әбішев осы қосымша шарт кезінде алғысы келді» деген ойды айтқысы келеді. Бірақ, бұл Исекең ойлап



тауып отырған нәрсе емес кой, ол мемлекет тарапынан жасалып отырған тірлік. Ешқандай құпия тірлік емес. Кейін ол екі компаниямен де қосымша шарт жасалынған.

Міне, прокуратураның бар айтары – осы! Бір де бір куә пара туралы естімеген! Секвестр туралы бәрі естіген. Шаймерденов дегеннің «Қазбайлыққа» хат жаздыру себебі: «Көрдің бе, ол сенен пара алмақшы, пара бермесең шарт жасаспай қояды» демекші. Бәрібір, Шаймерденов «Қазбайлықты» пара беруге көндіре алмады.

«СПЕКТАКЛІ ТОҚТАТАЙЫҚ!»

Соттың үшінші күні Ислам Әбішевтің денсаулығы сыр беріп, сот залына «жедел жәрдем» дәрігерлерін шақыруына байланысты бір жарым сағат кешігіп басталды. Жалпы, зейнеткерлік жастағы Исекеңнің денсаулығы темірдей еместігі жайлы, оның тар қапаста түскелі бері бірнеше рет инфаркт алғанын алға татып, қорғаушылар қанша жерден оны ұйқамаққа шығаруға өтініш жасағанымен, біздің тасжүрек жүйе оған рұқсат бермей келген болатын. Соттың екінші күні де Ислам Әбішевтің аяғының сіңірі тартылып қалды. Қасында отырған Серік Түкеев кәсіби спортшы болғандықтан массаж жасап, жарты сағаттай уақыт

өткенде кесел кейін шегініп еді.

Кеше енді сәл болмағанда Исекең о дүниелік болып кете жаздады. Сөйтсек, ғылыми түрде «минальгия» деп алатын бұл ауру өте қауіпті ауру болып шықты. Қауіптілігі оның адам денесі жаурағанда ағзаның кез-келген жерінен бұлшық ет жұмыс істемей түйліп қалады екен. Оны бәріміз де білеміз, және «сіңір тартылып қалды» деп, түйілген ет біраздан кейін жазылған бойда ұмытып кетеміз. Кейде түйін ұзақ уақыт жазылмай, жанды қинап жіберетін кезі болады, ондай уақытта түйреуішпен түйнеп тұрған жерді екі-үш рет түйреп алған соң барып жазылатыны бар.

Кешегі жағдайды қауіпті болған себебі. Исекеңнің жүрегінің еті түйнеп қалды. Бұл жолы Серік Түкеев шын мәнінде Ислам Әбішевті ажалдан арашалап қалды деуге болады, өйткені жүрек тоқтап алған кезде оған массаж жасауды бір-екі минуттан артық кешіктіруге болмайды. Оның үстіне еліміздегі «жедел жәрдем» мамандары әркез жедел жәрдем етуге жетіп келе алмай жататыны белгілі. Ал, ол қайдан пайда болды дегенге келсек, айдауылдардың айыпталушыларға көрсетпейтін қорлығы жоқ екен. Мысалы, алдыңғы күні сот басталар алдында Ислам Әбішев арнайы мәлімдеме жасаған болатын. Онда ол кісі былай деді: «Судья мырза! Бізді бүгін машинаның

ішінде құтырған иттерді ұстап тұруға арналған, ұзындығы 70 см, ені 30 см темір тордың ішінде тұрғызып алып келді. Біз сонда кім болғанымыз – террористерміз бе? Жоқ әлде бірнеше рет адам өлтірген рецидивист-қарақшымыз ба? Бұл – бір.

Екіншіден, бізді жөн-жосықсыз суық кабиналарда қайта-қайта тыр жалаңаш шешіндіріп, тексере береді. Не үшін? Әкеле жатқанда, бар-жатқанда суық бөлмелерде тікемізден-тіке қақайтып тұрғызып қояды? Қандай қажеттілік бар бұндай тінтуде? Бұндай суық жерде ұстауда? Менің денем жаураған уақытта ауру кез-келген жерімнен қысып қалуы мүмкін – аяғым ба, бүйрегім бе, жүрегім бе?»

Оған судья К.Мекемтас «туыстарыңызға айтыңыз, жылы киім әкеліп берсін, жылы киініп жүріңіз» деп жауап қатқан болатын. Ал, кеше таңертеңгі жағдайдан кейін қорғаушылар «сот залында тергеу кезінде дәрігер тұрақты түрде отыратын болуын, одан бөлек И.Әбішевті денсаулығына байланысты ұйқамаққа шығаруды сұраймыз» деп, тағы өтініш хат берді. Мекемтас мырза «бұл мәселені кеңесу арқылы шешеміз» деп, үзіліс жариялады. Кеңесіп келгеннен кейін «23-қазанға дейін үзіліс жариялаймын, И.Әбішев тергеу изоляторындағы дәрігерлерге көрініп емделсін. Олардың емдеуге шамасы келмесе, дәрігерлер шақырсын. Олар қажет болатын болса, сізді стационар-ауруханаға апарып жатқызсын. Дәрігерлердің айқанын істеп, емделуіңізге мүмкіндік беріледі» деп жариялады. Ислам Әбішев оған: «Тергеу изоляторындағы қайдағы емдеу? Олар мені ауруханаға да апарып емдемейді. Оны істей алмайды. Мені қорғаушым А.Құспан мені осындай жағдайда ұстауға болмайтынына, қылмыстың ауырлығы оған кедергі бола алмайтынына қылмыстық процессуалдық кодекстің бойынша тоғыз негіз бар екенін көрсетті. Бірақ, оның бәрін сіздер құлаққа іліп жатқан жоқсыздар!»

Сондықтан, екі істің біреуін істейік – ия сіз мына спектаклді созбай, маған береміз деп дайындап қойған 10 жыл ма, 15 жыл ма, кесікті мерзімді жарияланыз. Менің де, өзіңіздің де, елдің де уақытын алмаңыз, мемлекетті де бекерге бос шығынға ұшыратып неғыласыз? Сіз де тыныш, мен де тыныш!

Олай ете алмайтын болсаңыз, мені дәл осы минуттан бастап, ұйқамаққа шығарыңыз! Адамгершілік тұрғысынан дәл осындай қадам жасалса ғана, ол көпшіліктің де көңілінен шыққан қадам болады. Егер сіздерге керегіістің әділ шешілгені болса, онда сіз осылай жасайсыз. Ал, егер сіздерге керегі Сыбайлас жемқорлыққа қарсы ұлттық бюроның ұсталған адамының бәрі сотталғаны болатын болса, онда маған бірден үкім шығарыңыз», – деді.

Бәрібір, судья өз қаулысын өзгерткен жоқ. Тек қаулымен келіспеген жағдайда, сотталушы оған алдағы 15-күннің ішінде шағым келтіруге құқысы бар екенін атап өтті. Отырыс 23-қазан таңертең сағат 10-да жалғасатын болады.

Қайран Темкең! Ол кісіні орынсыз мақтайын деген ойым жоқ. Оған зәру де емес. Өмірінің соңғы жылдарында іштей жаны құлазып өткені болмаса, асау тағдырдың түрлі теперіштеріне бас имей кеткен қайсар рухты тұлғалардың бірі еді.

Ғалым, ұстаз, сатираның сардары Темірбек Қожакеев туралы мақтау-марапаттауға толы жазбалар мен естеліктер жетерлік. Алдынан дәріс алған мың-сан шәкірт оның ерекше болмысын, өзіне ғана тән қиқар мінезін, «Әй, Болғанбаев! Әй, Түкібаев!» деп қаратып алып тұрып, ащы мысқылмен соятын әдетін айтқанда аңыздай кестелейді. Ондай жаратылысы бөтен ұстаз өмірде кездесе бермес. Бұрын «Құдай Қожакеевтен сақтасын!» деп бықпырт тигендей безіп кететіндердің өзі бұл күнде Темкеңнің көлеңкесін сағынатын шығар. Өз басым кейде ұлағатты ұстазымды аңсаймын. 1998 жылдың күзі. Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дің журналистика факультеті. Мерзімді баспасөз кафедрасының есігін ашсам, «Күлкі – күштілер қаруы» дейтін Қожакеев ағамыз екі иығы селкілдеп, күлкісін тыя алмай отыр екен. Алдында «Егемен Қазақстан» газетінің соңғы саны.

– Кел, кел, Темірғали, – дейді ішек сілесі қатқан күйі. Оның күлкісіне қарап өзім де күліп жібердім.

– Не жазыпты аға? Анекдот оқып отырсыз ба? – дедім күлкіден жасқа толған көзіме қарап.

Ол жасқа шыланған көзілдірігін шешіп, көлдей беторама-лымен сүрте бастады.

– Анекдот деген мұның қасында адасып қалады. Атасын ұмытып қалады. Мә! Осы жерде отырып оқып шық. Отырмына жерге, – деп қасындағы орындықты жылжытты.

Қазір тақырыбын ұмытып қалдым. Ғафу Қайырбеков ағамыздың 1956-57 жылдары Мәскеуге барғанындағы бір оқиға туралы көлемді естелік мақаласы екен. Оқи бастадым. Темкең әлі күліп отыр. «Қалай, ә! Қалай, ә!» деп қояды арасында.

Қысқасы, Ғафу ағамыз Мәскеуде оқитын туыс ағасына барады. Студент кездері. Ағасы Мәскеудің маңайындағы қала типтес поселкеде арзан пәтер жалдап тұрады екен. Қасында мұрны қонқиған армян жігіті бар. Бір бөлмеде бірге тұрады. Ғафаң келген соң үшеуі қысылысып тұрып жатады.

Ағасы мен әлгі армян жігіті бір топта оқиды. Емтиханға дайындалады. Күндіз-түні оқиды, жаздады. Ғафаң болса орыс классикалық әдебиетінің терең қойнауына сүңгіп кеткен. Үш кереуетте үш «оқымысты». Тамақ ішуді де ұмытып кетеді кейде. Бұларға кедергі болатын тек бір ғана нәрсе бар. Ол – қызыл әтеш. Қызыл әтеш кітап оқымайды. Дәл жаңағы «оқымыстылар» жатқан бөлменің терезесі алдындағы кеспектеліп жиналған отын ағаштың үстіне коқиланып тұрып алады. Екі жағында – екі мекиен. Қанатын қағып-қағып, комдап қойып, өнешін түтіктей созып қышқырады-ай кеп, қышқырады-ай кеп. Таңның атысынан кештің батысына дейін мезгілге қарамай қышқыра береді. Оқымысты үш жігітті әбден мезі қылады.


Әтештің жағы сембей қойған сондай күндердің бірінде армян жігіттің шыдамы шегіне жетеді.

– Жүріндерші, мына пәлені ұстап алайық, – дейді.

– Оны қайтпексің?! – Бұл екеуі аң-таң.

– Жоқ, өлтірмеймін. Тек ұстап алайықшы, содан соң «сайрамайтындай» қыламын, – дейді анау өтініп.

Не керек үшеуі қаумалап, қамап қызыл әтешті ұстайды. Армян жігіттің ескі саквожында бір қорап вазелин бар екен. Әтешті ұстаған соң құйрығын



Темірғали КӨПБАЙ,
ақын, Халықаралық «Алаш»
әдеби сыйлығының лауреаты

аспаннан келтіріп, қысып тұрып, вазелинді ауа шығар артық тесігіне сұқ саусақпен тығып-тығып жібереді де, босатып қоя береді. Бұл екеуі әлі аң-таң.

– Болды. Енді «сайрай» берсін, – дейді армян жігіт.

Үшеуі орындарына жайғасып, кітаптарын оқи бастайды.

«Қуғыннан» есі шығып кеткен әтеш әлден соң өзінің «сүйікті» орнына қайта қонақтайды. Екі жағында – екі мекиен. Қанатын қағып-қағып, комдап алып, өнешін соза бастайды. Қышқырайын десе дауысы шықпайды. Ой, тоба! Өнешін қанша созып тырбанғанмен, аузын ашқанмен құр ауа қауып, қышқыра алмайды. Есесіне ауаның бәрі артық тесіктен кетіп, пұшайман болады. Үні өшті деген осы екен! Қышқыру үшін де артық қысып тұрып қышқырмаса болмайды екен.

Қызыл әтештің беделі әбден түседі. Қасындағы екі мекиен: «Бұл бәтшағарға не болып қалды?» дегендей онды-солды айналып қарап қояды. Байғұс қоразда үн жоқ. Айдары жығылып, көзінің ақилығы тарап, іштен дұға қайталаған «молда» кейіпке түсіп қалған. Ұяттан одан сайын қызарып кеткендей. Талай нәрсені көрсе де мұндайды бұрын-соңды көрмеген Ғафаң жағасын ұстап қайран қалады.

– Мынауың бір керемет әдіс екен. Қайдан үйренгенсің? – дейді армян жігітке қарап, күліп.

– Біздің Ереван – таулы қала, – дейді анау, – Қаланың шетінде үлкен базар бар. Базарға тауар әкелушілер үшін таулы жерде есектен қолайлы көлік есек келіп кіреді. Әлгі есектер күні бойы аңырағанда базарды басына көтереді. Әбден мезі болған ел базардың бас-

шыларына шағымданады. Содан базар әкімшілігі штат кестесіне «майжағар» деген заманауи қызмет түрін енгізеді. Кіре беріс қақпаның алдында тұрған «майжағар» бір есекті де қалдырмай құйрығын майлап жібереді. Сол-сол-ақ екен базардағы даңғаза шу су сепкендей басылады. Жым-жырт. Есектер ауызын ашады. Дауыстары шықпайды. Осыны өз көзімізбен көріп өстік.

– Апыр-ай, ә, – дейді Ғафаң, – Адольф Гитлер бір «майжағардың» қызметін пайдаланғанда Еуропаң есінен танбас екен-ау! Үшеуі жамырай күледі.

Темкең екеуіміз де күліп отырмыз.

– Қане, әкел. Мен мұндай қызық дүниелерді мұқият жинап жүремін. Бұл жерде тілден бұрын факт күлкі шақырады. Ал оны ойнақы етіп беру автордың қалам қуатына байланысты. Ғафекең де сөзмерген сабаз ғой! – деп Темкең газетті папкасына салып жатты. Сатираның

істетеді. «Мемлекеттік емтихан комиссиясында Қожакеев бар екен» деген сөздің өзі «мен мықтымын» деген студенттер түгілі кейбір оқытушылардың да буынын қалтыратып жіберетін. Емтиханда Темкеңнің сұсы басып тұрады, студенттердің құты қашып тұрады. Өйткені Темкең сұрақты қабырғасынан қадап қояды. Оңай сұрақ қоймайды. Білімінді шындап тексереді. Білмесең «Айда, марш!» дейді. Ширатамын деп кейде шектен де шығып кетеді. Онысына өзі өкінбейді. «Сабак болады!» дейді. Құдды Наполеон Банопарттың өзі.

Қайбір жылы ол кісінің шын қаһарланғанын көріп өзіміз де шошығанбыз. Ашуланбасқа болмайтын оқиға еді. Университет бітірушілер диплом жұмыстарын қорғап жатқан. Солардың ішінде бір жігіт болды. Кереметтей оқымаған-ау. Атақты ақынның туысы екен. Пендешілікті қоя берсеңізші. Қожакеев комиссияда бар дегенді естіп, алдын ала қимыл жасайды. Атақты ақын атақты академикке келеді. Екеуі ректорға барады. «Осылай да,

Темкең әдеті бойынша жалпақ алақанымен үстелді бір қойып. Ешкім үндемеді. – Онда отыр. Жетекші сөйлесің!

Ғылыми жетекші жел ілестестей ысқыртып мақтап жөнелді. Одан кейін шыққан рецензент кемшіліксіз жұмыс деп бағалады. Комиссия мүшелерінің бір-екеуі қосыла мақтады.

– Болдыңдар ма? – Темкең көзілдірігінің үстінен жан жағына бақшия қарады, – Болсаңдар мен айтайын, – деп ауыр денесімен қозғалақтап орнынан көтерілді. – Әй, Пәленшеев! Тұр! Мына жұмысты өзің жазып па едің? – деді тұстағандай көздерін шақштитып.

– Өзім, – деп мінгірледі студент.

– Өзің жазсаң жаңа сөйлегенде неге ойларыңды батыл айтпайсың? Көзіңе мақтайын деп тұрғам жоқ. Мен түгел қарап шықтым. Өте тамаша орындалған жұмыс. Диплом жұмысы деген осындай болу керек. Тақырып толық ашылған. Көп ізденгенің көрініп тұр. Бірақ сөйлеуің мен жазуыңның

ІЗГІЛІК

теориясы мен тәжірибесін түк қалдырмай түгендеген ғалым үшін бұл да жанға рахат бірер сәт шығар деп ойлады.

Ғылыми жұмысты ширатуға, материалды «миландыруға» (Темкеңнің жақсы көретін сөзі) келгенде ол кісідей жан аямай тер төгетін ғалымдар сирек болар. Кітаптарын оқи бастайды. докторлық диссертациялар ғана емес, дипломдық, тіпті курстық жұмыстардың өзін қырағы көзбен шолып, ақсап жатқан тұстарын ә дегеннен аңғартып, өзінің ұсыныс, талаптары орындалмайынша тыным таппайтын. Ауырдың үстімен, жеңілдің астымен жүргісі келетіндерді жаны сүймейді. Бір қисайса қисайып жатып алады. Бәрібір өз айтқанын

осылай. Мына бала биыл диплом қорғайды. Комиссия қатал көрінеді. Беске қорғағаны дұрыс болар еді» дейді. Сонымен, жабыла тартқанмен шықпайтын шалқанның ертегісіндегідей ректор деканға, декан оқытушыға, оқытушы балаға тапсырма береді. Бір қарағанда бәрі де дұрыс келе жатады.

Көпті әуре-сарсаңға салған әлгі әлжуаздау бала диплом жұмысын қорғап тұр. Мінберде. Сегіз адамнан тұратын мемлекеттік комиссия мүшелері оның ғылыми жұмысын онды-солды актерастырып, қарап жатыр. Еңбектің «авторы» біреу жазып бергендей, алдындағы мәтінді әрең оқиды. Оқып болды.

– Сұрақ бар ма? – деді

арасы жер мен көктей. Журналист адам майын тамызып сөйлеу керек. Аузынан сөзі, қойынынан бөзі түсіп тұрған журналист үлкен мақсатқа жете алмайды. Түсіндің бе?

Аудиторияда отырғандарды түгел шығарып жіберіп, мемлекеттік комиссия мүшелері баға қоюға көштік. Кезек әлгі баланың жұмысына келгенде қатарымызда отырған етженді доцент қыз:

– Осы жұмыс туралы бір ауыз сөз айтайыншы, – деп рұқсат алды. – Бұл жұмысқа баға қоюдан мен бас тартамын, – деді ол. – Өйткені осыдан үш жыл бұрын дәл осы жұмысты «Түгеншеев» деген студентке өз жетекшілігімен қорғатқанмын. Мынау тұтастай содан көшірілген жұмыс. Ол жұмыс менің жеке мұрағатымда сақтаулы тұр. Сенбесеніңдер қазір алдырайын.

Әлден соң-ақ жұртты дүрліктірген диплом жұмысының үтір, нүктесіне дейін өзгеріссіз көшірілгендігіне комиссия мүшелерінің көзі жетті.

– Әй, пәтшағар Пәленшеев! Тұр орнынан! – деді Темкең. Сөйтті де ащы сарказмға толы өзінің стиліне салып, жаңағы баланы жалған жетекшісімен қосып ит терісін бастарына қаптады-ай келіп. Өзі булығып, қып-қызыл болып кеткен. «Сен кімді ақымақ етпек едің? Өзінді өзің алдағаның болмаса!» деп барып әрең тоқтады. «Ар-ұятпен жүрдай неме!» деді дір-дір етіп. Әшейінде көзбояушылыққа көне алмайтын Қожакеев мынадан кейін тіпті күйіп кетті. Қан қысымы көтеріліп, ауырып қалды.

Темкең орынсыз ашу шақырмайтын. Оң қабағында жүрген шәкірттеріне жаны жайдары-ақ. Әзілге араластырып көпшік қоюды да қатырады. «Көк сенгірлер» деген кітабын



редактор болғаным бар. Ол кезде студентпін. Отырған жерінде «Әй, бұл анау-мынау емес, менің кітабымды, Қабдоловтың, Қоңыратбаевтың кітаптарын редакциялаған. Түзеткен. Жаксы редактор түзейді, жаман редактор күзейді. Бұл жаксы редактор» деп мақтап та қоятыны бар еді.

— Осы сені оқуға алғанда қателеспеген екенмін, — деді бір күні мейірленіп, — Есімде ме, тарихтан қиналғаның?

— Әрине есімде. Ұстазыңның ондай жаксылығын қалай ұмытарсың. Бәрі де бүгінгідей есімде.

1984 жыл. Тамылжыған жаздың шуақты күндері. ҚазГУ-дің журналистика факультетіне оқуға түсу үшін қабылдау емтихандарын тапсырып жатырмыз. Емтихандар алдындағы шығармашылық байқаудан аман-есен өттік. Өтпей қалғандар да көп. Ауызша әңгімелесу кезінде факультет деканы Темірбек Қожакеевтің өзі маған біраз сұрақтар қойды. Дүниетанымыңды тексерді. Қабілет-қарымыңды байқайды. Баспасөзде шыққан



ДӘНІ

мақалаларыңды бағалайды. Белгілі жазушы, сол кездегі «Өнер» баспасының директоры Серік Әбдірайымов шығармашылық байқау комиссиясының төрағасы.

— Мына жігіт осы тұрған бойда дайын журналист сияқты, — деді Серік аға, — Мақалалары көп екен. Өлеңдері де баршылық. Сұрақтарға берген жауабы да жоғары бағаға лайық деп санаймын.

— Өлеңдері көптеу ме деймін, — деді Темкең менің қағаздарымды ақтарып қарап. — Әй, біз ақын дайындамаймыз. Ол үшін анау әдебиет факультеті бар. Мүмкін құжаттарыңды алып, сонда барарсың. Ойлан! Бізге ертең тоқтамай шапқылайтын журналист керек!

Омалып отырып қалмайтын адам керек!

— Ақынды ешкім оқытып ақын қылмайды ғой, — дедім мен батыл сөйлеп. — Мен журналистиканы оқығым келеді.

— Дұрыс екен. Ескертіп жатырмын. Ертең айнып кетіп жүрме. Жасың ересек жігіт екенсің. Ал, бес қойсақ қояйық, — деді Темкең комиссия мүшелеріне қарап, — Оның үстіне еркек тананың басын көбейтпесек мына журфак ЖЕНПИ-ге айналып барады.

Бәрі ду күлді.

Қазақ тілі мен әдебиетінен ауызша емтихан тапсырдық. Алма Қыраубаеваның өзі қабылдады. «Бес» алдым. Қуанып келе жатыр едім дәлізде Темкең мен сол тұстағы филология

факультетінің деканы, профессор Рымғали Нұрғалиев қарсы ұшырасты. Мені көріп:

— Әй, Көпбаев, қанша алдың? — деді Темкең.

— «Бес» алдым, ағай!

— Көрсіңіз бе, Рәке?! Біздің балалар осындай! Бұл өзі ақын жігіт. Қане, бір өлеңіңді оқып жібер. Көрсін мына ағаң!

Самбырлатып, бос дәлізді жаңғырықтырып өлең оқи жөнелдім.

— Ақырын! Ақырын! — деді Темкең. — Емтихан жүріп жатыр. Міне осындай!

— Өлеңің ойлы екен. Оқуға түсіп кетуіңе тілектеспін, — деді Рымғали аға.

— Енді тарих пәні ғана қалды. Дұрыстап дайындал, — деп Темкең арқамнан қақты.

Аһ, тарих пәні, тарих пәні! Жыл бойы дайындалғаныммен үшінші сұрақтың жауабын білмей әлек болғаным-ай. Емтихан алушылар — екеу. Бірі көздірікті қартаң кісі. Екіншісі — тіпті жас. Алдында жауап беріп отырмын.

— Үшінші сұрақтың жауабын білмеймін, — деп салдым.

— Келесі жылы біліп келесің дә! — деді қартаң кісі. Жүрегім су ете қалды. — Бара бер. Келесі жылы келесің.

Жан дүнием астан-кестен болды. Басым салбырап, төртінші қабаттан түсіп келе жатырмын. Ішім удай ашиды. «Жарайды. Бәрібір осы оқуға түспей қоймаймын» деймін өзімді қайрап.

Ғимараттан шыға бергенім сол еді, аппақ «Волга» көлденеңдей тоқтады. Ішінен ұқыпты киінген Қожакеев ағамыз шықты. Бас изеп амандастым.

— Емтиханға кірдің бе? — деді ол мені іштарта сөйлеп.

— Иә, кірдім. Құлап қалдым ағай, — дедім қызарақтап.

— Қалайша? Тіпті жауап бере алмадың ба сонда? Сенген қойым сен болсан...

Ол танданысын жасырмады.

— Екі сұрағына жауап бердім. Ең ұрығанда «үш» қойса да болар еді.

— Екі сұраққа жауап бергенің анық па?

— Анық, ағай, — дедім сеніммен.

— Жүр менімен бірге, — деп ол мені сүйрей жөнелді.

«Не істер екен?» деп келе жатырмын. Ішімде үміттің оты жылт етті. Төртінші қабатқа қайта көтерілдік. Емтихан комиссиясының төрағасына кіріп бардық.

— Мына бала басқа емтихандарды түгел беске тапсырып келген. Обалына қалмаңыздар. Екі сұраққа толық жауап бердім дейді. Менде қазірдің өзінде үш бала «недобор» болып тұр. Қыздар құласа құлар. Шатағым жоқ. Осы баланы сол билетпен бірге отырып сұрайық. Жауап беретініне сенемін. Жауап бере алмаса өзінен көрсін. Қайта сұрайық.

Темкеңнің бар ынты-шынтысымен өтініп тұрғанын сезген төраға:

— Жарайды, Темаға, қайта сұралсын. Дәл сол билетке қайта жауап беріп көрсін. Сіз бен бізге кіруге болмайды. Жауап бере алмаса ренжімесіз, — деді жымып.

— Ал, бар! Асықпай ойлан. Есіңе түсір. Мен сені ауыл шаруашылық жұмысына баратын топтың старостасы етіп жіберемін деп келе жатырмын. Ал, сен... Бар! — деп ішке кіргізіп жіберді.

Қырық минуттей қиналып, емтиханнан өттім-ау, әйтеуір. Адамның көңіл күйі құбылып тұрады ғой. Қуанышымда шек жоқ. Жаңа ғана жыларман болып келе жатқан көңілім шарықтап аспанда жүр. Ғимараттан шықсам, аппақ «Волга» әлі тұр екен. Жақындап келдім. Темкең шықты.

— Қалай болды? — деді үмітпен күдік аралас жанарын маған қадап.

— Болды, ағай. Сізге көп-көп рахмет! Өттім, — дедім қуана сөйлеп.

— Баяғыдан бері солай етпейсің бе? Сені күтіп отырмын. Ал, қуанышың құтты болсын! Ауылыңа бар. Сүйінші сұра! Бір аптадан кешікпей кел. Ауыл шаруашылық жұмысына барасыңдар. Айтқаным айтқан, сені староста етіп жіберемін, — деп көлігіне отырды.

Ол кісі менің екі туып бір қалған туысым емес еді. Жақын танысым да емес еді. Қырық минут бойы үлкен басын кішірейтіп, күтіп отыратындай мен кімнің шікірәсі едім. Жаны ізгі адам ғой. Нахақтан күйіп бара жатқанымы көріп, жан-

таласа ара түсті. Ондай қасиет қазіргі адамдардың бойынан табыла қояр ма екен деп ойлаймын. Ел ауызында аңыз бол жүрген Темкен сол әрекетімен-ақ менің балаң көңіліме ізгіліктің дәнін еккен еді.

Темкеннің биік адамгершілік қасиеттері туралы барлық шәкірттері үлкен тебіреніспен еске алады. Бүгінде қазақ әдебиеттану ғылымының ірі тұлғаларының біріне айналған филология ғылымдарының докторы, профессор Құлбек Ерғөбек «Көз көрген» телехабарының Темкең арналған кезекті санында ұлағатты ұстазының естен кетпес шарапаты туралы былай деп толғанды:

— Орыс әдебиетінде «Бәріміз Гогольдің шинелінен шыққанбыз» деген сөз бар. Бәріміздің де ұстаздарымыз болды. Ал Темкеннің ұстазы қазақ әдебиетінің тарихын сан ғасырға тереңдеткен ғұлама ғалым Бейсенбай Кенжебаев еді. Темкеннің ұстаздарына деген адалдығы кез-келген адамға үлгі боларлықтай, оны қайталаудың өзі қиын шығар. Бірде Темкен маған кештетіп телефон соқты. «Тездетіп Бейсекеңнің үйіне жет!» деді. Ұстазым айтқан соң жанымды шүберекке түйіп, жетіп бардым. Бейсекең соңғы кездерде сал ауруына шалдығып, төсек тартып жатқан. Ол кісіге бірдеңе болып қалды ма деп зәрем ұшты. Келсем, Темкең есіктің алдында тұр екен, мені көріп, сәлем-сауқат сұраспай жатып:

— Әй, сен итте жүрек жоқ екен ғой! — деп ұрыса жөнелді.

— Ойбай, аға, не болып қалды? — деп сасқалақтап қалдым.

— Әй, саған Бейсекең балам бол десе неге оған бала болмайсың, ә? — деді ол түйеден түскендей.

— Темке-ау! Енді біз... — деп не дерімді білмей, кібіртктеп тұрмын.

Темкен сөзін жалғады:

— Біз де — Бейсекеңнің баласымыз. Декан болып, профессор болып шалқақтап жүрсек, бәрі Бейсекеңнің арқасы. Біз бағар едік, жан деп бағар едік, бірақ біздің өзіміз де шал болдық. Сендер неге қараспайсыңдар? — деді көзіме тіке қарап. Ұстазына шын жаны ашып айтып тұр.

— Келіншегіммен ақылдасып көрейін, — дей бергенім сол еді Темкен сөзімнің аяғын күтпей:

— Әй, ол келіншек кімнің келіншегі? — деді тесіле. Көздері өңменімнен өтіп барады.

— Біздікі деп жүрміз ғой, — деймін ұстазыма еркелей қалжындап.

— Сенікі болса, келінге сөзіңді өткізе алмай, сені қара басты ма? О, көксоққан! Қане, көп сөзді қой да, ертеңнен бастап Бейсекеңнің қолына көш!

Темкен осылайша Бейсекеңе бізді байлап берген еді.

Құлбек ағамның осы әңгімесінен кейін ұлы ұстазымыз Темкеңе деген ілтисатым одан сайын терендей түсті. Ауыр халде жатқан Бейсекеңдей ұстазының жайын ойлап бір шыр-пыр болса, өзі келешегінен мол үміт күтетін Құлбектей шәкіртінің үйсіз жүргені де қабырғасына батады-ау.

Әкеге бала, балаға әке тауып берген Темкеннің бұл ізгілігі Бейсекең мен Құлбек ағамның шынайы, ғұмырлық сыйластығына жалғасты. Ізгілік дәнін сепкен ұстаздың ұмытылмас ұлағаты, естен кетпес шарапаты осы емес пе?



ҰЛТТЫҚ КҮРЕСТІ ҰЛЫҚТАУШЫ АЗАМАТҚА АРАША СҰРАЙМЫЗ!

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ПРЕЗИДЕНТІ Қ.ТОҚАЕВҚА

Қадірлі Қасым-Жомарт Кемелұлы!

Біздер, бар саналы ғұмырын спорт саласына арнаған азаматтар, Сізге Дүниежүзілік қазақ күресі федерациясының 2004 жылдан 2017 жылға дейін 13 жыл басқарып, кейін федерацияның бірінші вице-президенті қызметін атқарған Серік Адамболсынұлы Төкеевтің басындағы жағдай туралы хат жазып отырмыз. Серік Төкеев 2019 жылдың 14 наурызынан бері Астана қаласындағы тергеу изоляторында отыр.

Серік Төкеев қазақ күресіне көлденең қосылған адам емес. Төкеев екі мәрте Социалистік Еңбек Ері Жазылбек Қуанышбаевтың және «Оңтүстік Қазақстан» газетінің жүделері үшін жарыстарда ұлттық күрестен түйе балуан атанған белді балуан, спорт шебері. Кейін бірнеше жыл самбо мен қазақ күресінен шәкірт баптады. Спорт саласы бойынша ұзақ жыл облыстық, республикалық мемлекеттік мекемелерде басшылық қызмет атқарды. 2000-2006 жылдары республикалық Спорт және дене шынықтыру агенттігіне қарасты Штаттағы ұлттық командалар және спорт ізбасарлары дирекциясын басқарған жылдары Серік Төкеев Олимпиада ойындары мен әлем чемпионаттарына, Азия ойындарына Қазақстанның спорттық делегациясын бірнеше рет бастап барды.

2011 жылы Серік Төкеевке Елбасы Нұрсұлтан Назарбаевтың жарлығымен «Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері» құрметті атағы берілсе, 2012 жылы ол Қазақстан Республикасының тұңғыш Президенті Нұрсұлтан Назарбаевтың Алғыс хатымен марапатталды. 2008 жылдың қорытындысы бойынша сол тұста С.Төкеев басқарған К.Мұнайтыпасұлы атындағы республикалық спорт интернаты еліміздегі «Үздік спорт ұйымы» деп танылды. Серік Адамболсынұлы «Оңтүстік Қазақстан облысының құрметті азаматы», «Дене шынықтыру мен спортты дамытуға қосқан үлесі үшін» төсбелгісінің иегері, Қазақстан Республикасының еңбек сіңірген жаттықтырушысы.

Серік Адамболсынұлы 1995 жылы спорттың білікті маманы Бауыржан Жаналинмен бірлесіп, ұлттық күрестің жаңа ережесін жарыққа шығарды. Және ұлттық күрестің өзіне ғана тән спорттық күртешесі тігілді. Бұрын балуандар әдіс жасағанда әдістер самбодағыдай – 1,2,3... деп санмен бағалып келсе, ендігі жерде «бүк», «жамбас», «жартылай жеңіс», «таза жеңіс», деген қазақша терминдер қолданысқа енді. Қай құрылықта жарыс өтсе де төрешілер балуандарға: «баста!», «тоқта!»... деп қазақша бұйрық беретін жүйені ең алғаш Серік Төкеевтің командасы жүзеге асырды.

«Мен 2000 жылдың күзінен 2006 маусым айына дейін республикалық штаттағы ұлттық ко-



мандалар және спорт ізбасарлары дирекциясын басқардым, – дейді Серік Адамболсынұлы. – Сол жылдары қолда мүмкіндік барда облыстық спорт басқармалары басшыларына арнайы хабарласып, жоғары спорт шеберлігі мектептері мен басқа да спорт мекемелерінде қазақ күресінен бөлімдер ашылуына, жаттықтырушыларға штаттық бірлік бөлінуіне шама жеткенше атсалыстым. Ол кезде біраз облыста қазақ күресі жоққа тән еді. Солтүстік пен батыстағы кей облыстардың спорт басшылары Қазақстан чемпионаттарына команда жіберудің өзін мойындарына артық жүк санайтын. Оңтүстік Қазақстандағы Қажымұқан Мұнайтыпасұлы және Бақыт Жаңбырбаев турнирінен басқа ауыз толтырып айтатын жарысымыз да болған жоқ. Біздің табанды әрекетіміздің арқасында ұлттық күреске шектен қарап келген біраз облыста қазақ күресі үйірмелері жұмыс істей бастады. Қысқасы, бұл жылдары біраз аймақта қазақ күресінен бөлімдер ашылып, ондаған жаттықтырушылар ұлттық күрестен шәкірт баптауға кірісті. Соның нәтижесінде кейінгі жиырма жылда ұлттық күрестің ауқымы кәдімгідей кеңейіп, елдің әр қиырында өтетін жарыстар саны көбейе түсті. Осы жерде баса мән беретін жағдай: 2005 жылғы Азия, 2006 жылғы әлем чемпионаттарынан кейін қазақ күресінде үлкен сілкініс пайда болды». («Егемен Қазақстан», 25.01.2018).

Иә, ХХ ғасырдың басында Серік Төкеевтей атпал азаматтың басшылығымен қазақ күресінен әлемдік деңгейдегі жарыстар өте бастады. Осы жерде мына тарихи сәтті еске салғанды жөн санадық. 2005 жылы Көкшетауда ауыл спортшыларының республикалық «Ақ Бидай» ойындары өтті. Сол бәсеке үстінде Елбасы Нұрсұлтан Назарбаев республика спортының басшыларына қазақ күресін халықаралық аренаға шығару туралы тапсырма берді. Серік Төкеев содан бергі уақытта

Елбасы тапсырмасын орындау жолында жан-тәнімен беріле еңбек етті. Нақтылай айтсақ, 2005-2017 жылдары Дүниежүзілік қазақ күресі федерациясының ұйымдастыруымен 6 әлем чемпионаты, 11 Азия чемпионаты, 3 Әлем кубогы, 3 Еуропа біріншілігі, 1 Еуропа кубогы, Иран мен Бразилияда кадеттер мен жастар арасында әлем чемпионаттары және Оңтүстік Африкада 2 Африка біріншілігі, Бразилияда Оңтүстік Америка чемпионаты, Голландияда Еуропа кубогы, т.б. ресми бәсекелер ұйымдастырылды. Федерация бұл бәсекелерге халықаралық құзырлы орындардың (ФИЛА, кейін UWW (Біріккен Күресәлемі) мамандарын арнайы шақырып отырды. Себебі, қазақ күресінен әлем, Азия чемпионаттарын өткізу хұқы тек қана Дүниежүзілік қазақ күресі федерациясының құзырына берілген. Бұған дәлел ретінде UWW бас хатшысы Мишель Дюссон мырзаның ДҚКФ-ның қазақ күресі бойынша бір ғана халықаралық ұйым екенін таныған ресми хаты бар. Бұған қоса, федерация жер шарының 50-ге жуық елімен қазақ күресін бірлесе дамыту жөніндегі меморандумға қол қойды. Сонымен бірге, ұлттық күресіміз Дүниежүзілік жекпе-жек ойындарының бағдарламасына енді. Осы жарыстардың басымы көпшілігін Серік Төкеев демеушілердің және достарының көмегімен атқарды. Жарыстар мен жаттығу жиындарына баруға, маңызды спорттық семинар-кеңестерді ұйымдастыруға қажет қаржыны өзі іздегісіз, тауып отырды. Түсінген адамға бұның өзі бұл азаматтың іскерлігін, ел арасындағы биік беделін көрсетсе керек.

Осындай ірі ауқымдағы жүйелі жұмыстардың нәтижесінде қазақ күресі 2017 жылы күзде Ашхабадта болған жабық Азия ойындарының бағдарламасына кірді. Түсінген адамға бұл Серік Төкеев басқаратын федерацияның қазақ

халқы үшін аса маңызды тарихи жеңісі болатын. Ал Дүниежүзілік қазақ күресі федерациясының ендігі мақсаты: қазақ күресін олимпиадалық емес спорт түрлерінен дүниежүзілік және Панамерика, Еуропа ойындарының бағдарламасына енгізу. Осы мақсат үдесінен шығу үшін федерация басшылығы Азия, Еуропа, Америка және Африка құрлығындағы ондаған мемлекеттерге ұлттық күресіміздің спорттық киімдері мен ережелерін, видеоматериалдарын таратып, жарысқа барған елдерде бірнеше күндік оқу-жаттығу жиындарын, семинар-кеңестер ұйымдастырды.

2010-2016 жылдарда қазақ күресін ЮНЕСКО танып, мойындауы үшін Дүниежүзілік қазақ күресі федерациясы қыруар шаруа атқарды. Осы мақсатқа жету үшін Төкеевтің командасы 2010 жылдан бастап алты жыл қатарынан Оңтүстік Кореядағы WoMAU (Халықаралық жауынгерлік өнер одағы) сессиясына үзбей қатысты. Бұл ұйымның негізгі мақсаты: жер жүзі халықтарының жекпе-жектерін зерттеп, ұлттық мұралардың келешек ұрпаққа жетуін қамтамасыз ету. Осы мақсатта Оңтүстік Кореяның Чхунджу қаласында ірі халықаралық академия жұмыс істейді. Федерация қызметкерлері Бақыт Жаңбырбаев, Ғалым Құлекешев, Жадыра Қошқарбаева WoMAU сессияларында ұлттық күресіміздің тарихы, даму жолы туралы баяндама жасап, қазақ, ағылшын, орыс тілдерінде бейнебаяндар және роликтер, жарыстар мен халықаралық семинарларда күрес ережесінен құнды материалдар көрсетті. Ал, әлем чемпиондары Ерлан Естек, Бақтыбай Қисықов, Бейбіт Ыстыбаевтар Чхунджуда шеберлік сабақтарын өткізді. Федерацияның бұл қадамы қазақ күресін Халықаралық жауынгерлік өнер одағының танып, мойындауына зор ықпал етті. Осындай табанды әрі

жүйелі жұмыстың арқасында қазақ күресі 2016 жылы ЮНЕСКО-ның 11-сессиясында 17 мемлекеттің дауыс беруі нәтижесінде материалдық емес мәдени мұра тізіміне кірді.

Қадірлі Қасым-Жомарт Кемелұлы! Егер алаштың мықты азаматтары Серік Адамболсынұлы тәрізді бір-бір ұлттық мұраны қайыспай көтеруге жараса, біздің ұлттық мәдениетіміздің өрісі мен даму жағдайы қазіргіден әлдеқайда жоғары болар еді.

2017 жылы Дүниежүзілік қазақ күресі федерациясының президенті қызметіне республикалық Су ресурстары комитетінің төрағасы, елге танымал іскер азамат Ислам Әбішев сайланды да, Серік Төкеев оның бірінші орынбасары болып тағайындалды. Ислам Әбішев тізгінді қолға алысымен федерацияның жұмысы одан сайын жанданды. Ислам Әлмаханұлы бұған дейін Дүниежүзілік қазақ күресі федерациясының бірінші вице-президенті болып, әлемдік деңгейдегі, Азия көлеміндегі жарыстарға мүмкіндігінше қол ұшын беріп тұрды. И. Әбішев республикалық Су ресурстары комитетін екі рет басқарған тұста жүз миллиондаған теңге бюджет қаржысын үнемдеп, еліміздің әр қиырындағы су шаруашылықтарына орасан зор пайдасын тигізді. Ислам Әлмаханұлы Оңтүстік Қазақстан облысы әкімінің бірінші орынбасары және Өскемен қаласының әкімі болған кезінде де халықтың ықыласына бөленіп, көптің алғысын алған іскер азамат. Ол кісі сонымен қатар, ұлттық мәдениетке, халқымыздың рухани дүниесіне жанашырлықпен қарайды.

Биыл көктемде, жоғарыда айтқанымыздай, федерацияға көмекке берілген 10 (он) миллион теңге үшін Серік Төкеев қамауға алынды. Төкеев бұл қаражатты ешкімнен бопсалап немесе ұрлап алған жоқ. Федерация басшысының жарыс ұйымдастыруға, іссапарға және жалақыға бөлген қаражаты. Тексеру нәтижесінде бұл қаражаттың заңды түрде жұмсалғаны дәлелденіп отыр. Сондықтан Серік Төкеевтің ақталып шығуына толық негіз бар. Ал қоғамдық ұйымдар негізінен демеушілер көмегі арқасында жұмыс жүргізетінін көзі ашық адамдардың бәрі біледі.

Жоғары мәртебелі Президент! Қазақстан Республикасының еңбек сіңірген қайраткері, профессор Серік Төкеев пен көпке сыйлы тұлға Ислам Әбішевтің қазақ күресіндегі ұзақ жылғы табысты еңбегін ескере келе, бірнеше айдан бергі тергеу жұмысының әділ әрі таза жағдайда аяқталуына ықпал жасап, екі азаматтың отбасына аман-сау оралуына қол ұшын беруіңізді өтініп сұраймыз.

Барлығы 12076 адам қолдап қол қойған

КАК ЧИНОВНИКИ ПЕРЕПУТАЛИ КОРРУПЦИЮ СО ШВАБРОЙ

Неожиданно появившаяся в начале сентября новость Агентства РК по противодействию коррупции о мытье полов в школах детьми затмила все реальные школьные проблемы. В итоге небывалые страсти бушевали в социальных сетях и СМИ: дело дошло до возможного судебного иска к Министерству образования и науки РК.

КАК СТЕРЕТЬ СЛОВО «КОРРУПЦИЯ» ИЗ ЛЕКСИКОНА

«В Японии дети за собой убирают, и это культура. Мы рады, что этот опыт будет перениматься в Нур-Султане, в школах. Мы надеемся, что другие школы в Казахстане будут перенимать этот опыт. Мы готовы консультировать по механизмам внедрения данного опыта», — имел неосторожность сказать директор Департамента добросовестности Агентства РК по противодействию коррупции Данияр Сабирабаев в первых числах сентября.

Казалось бы, какое отношение имеет Департамент добросовестности к школьному воспитанию? И как связано мытье полов в школе с коррупцией? Оказалось, по информации Данияра Сабирабаева, уборка — это лучшая профилактика коррупции.

Когда это «мытье» не нашло поддержки общества, глава Департамента добросовестности заявил, что его глобальную идею заимствования японского опыта несправедливо сузили до мытья полов школьниками. Хотя ранее в СМИ не было информации о «глобальной идее», кроме «мытья».

Данияр Сабирабаев в интервью газете «Время» запоздало объяснил: «Никто не говорит туалеты мыть и только про школьников! Мы говорили о смене мышления всего общества. Мы советуем убирать за собой везде, а не только в классах и кабинетах. Почему-то призывы к труду вызывают в нашем обществе негативные комплексы! Я расскажу, почему именно мы — ловцы коррупционеров — стали говорить о труде. Мы считаем, что человек, который любит чистоту, ценит свой и чужой труд, — поверьте, он никогда не пойдет на коррупцию. Уборка — это лучшая профилактика коррупции! Благодаря аккуратности и уважению к чужому труду в японском языке нет слова «мародерство», они этого не понимают. А мы хотим, чтобы уборка помогла стереть слово «коррупция» из нашего лексикона».

Даже после «драки» чиновник не смог доступно объяснить, как связано мытье полов с борьбой с коррупцией, как уборка кабинета может стереть слово «коррупция»: ведь убеждения — еще не аргументы. Однако идея заслуживает изучения; хотя лучшее средство против коррупции — необратимость и жесточайшее наказание. С коррупцией трудно бороться воспитанием нравов — ее хватает и среди педагогов, и в сверкающих чистой аптеках распространена «аптечная мафия».

Другое дело — некоторые чиновники стали делать уборки в своих кабинетах. Если это начинание

поддержат и другие чиновники, то проблема с мусором может сдвинуться с мертвой точки.

Если же сравнить списки «коррупционных» и грязных стран, то во многих грязных странах развита коррупция и, наоборот, в чистых странах коррупция на низком уровне. Хотя нередко эти параметры не совпадают.

Есть еще такая тесная связь по следующим показателям: в развитых государствах намного чище, чем в экономически отсталых странах, которые нередко попадают в списки грязных стран. Но и здесь не всегда работает такая корреляция, например, Китай, Индия относятся к грязным странам, хотя у них развитая экономика.

МУСОРНЫЙ ПОФИГИЗМ

По такой схожей теме летом прошлого года написал статью «Японская чистота как способ изменения сознания казахстанцев» (<https://qazaquni.kz/2018/06/18/86352.html>). Суть статьи о том, чтобы жители были чистоплотны, для начала должны быть соответствующие законы и правила, за исполнением которых должны следить все — и власть, и население, и исправно работающие городские службы.

А также о перенятии японского опыта, при этом не только в школах, но и в вузах, общественных местах, на работе, на улице и т.д. Японцы любят чистоту, причем стерильную чистоту. Утро для владельца магазина начинается с мытья тротуара перед входом в его заведение и обязательного мытья окон. Так же начинается утро для офисных работников во главе с боссом. Жители убирают возле своих домов.

Это большая тема и нуждается в обсуждении в обществе, потому что условия в японских и наших школах не сопоставимы, как не сопоставимы улицы в японских

городах, помывшие специальными шампунями, и в наших грязных городах. И «мытье» надо начинать с чиновников, а не со школьников.

Решение проблемы мусора предполагает разные подходы, в том числе и с помощью штрафов. Нужен комплексный подход, в том числе — программа правительства по борьбе с мусором и отходами производства. Чистота улиц городов и общественных мест — элементарный признак внутренней чистоты человека.

Мусорный пофигизм казахстанцев вызывает удивление и недоумение. Казахстанцы не следят за чистотой не только в населенных пунктах, но и на природе — возле рек и озер, на горных перевалах — оставляют после себя «свалку воспоминаний», вдоль автомобильных и железных дорог — выброшенный из автомашины, поезда мусор.

У нас уже все привыкли мусорить и не видят в этом ничего зазорного — уберут же. При таком раскладе самому делать уборку обидно и даже унижительно в представлении ребенка и взрослого, особенно, если он к беспорядку не имеет никакого отношения. Отсюда и рождается безответственность.

Есть разные рейтинги самых грязных городов мира по различным категориям. В их число попадает и Алматы — 25-ое место среди 215 крупных городов мира. В Казахстане накопилось около 43 млрд тонн отходов производства и потребления, при этом на переработку и утилизацию идет лишь малая часть — от 2 до 5%. А в Японии проблема с отходами решена на 90%.

В советской Алма-Ате было намного чище. А сейчас после утренней работы дворников уже к вечеру или на следующее утро появляется

немало мусора. А в тех районах мегаполиса, где дворников мало или убирается в неделю один-два раза, мусора в разы больше. Бросание мусора в непопулярных местах у многих жителей превратилось в привычку — ну нет рядом мусорного ящика, не таскать же его с собой.

Чтобы не было такого пофигизма, нужны законы. Ведь городской акимат может разработать постановления о соблюдении чистоты на улицах и во дворах города со штрафами за их нарушения, правила проживания жильцов в многоквартирных домах, чтобы жильцы не страдали от шумных соседей, правила содержания домашних животных в квартирах и на улице, чтобы не было собачьих экскрементов на улице и т.д.

Многие стороны социальной жизни должны регулироваться, управляться государством, местной властью, а не пускаться на самотек. Не говоря о пропаганде чистоты в городах и аулах в СМИ.

И надо штрафовать АО «Тартып» не только за свалки возле переполненных баков, но и за грязные и старые контейнеры, неухоженные площадки, за соответствующее «воспитание» горожан — дурной пример заразителен.

Это тема актуальна особенно в аулах, где порой между домами завалено не только мусором, но и прошлогодним навозом — а «навозный» воздух очень вреден для здоровья. В советское время местная власть проводила весной большую работу по очистке поселков, вывозя зимний мусор подальше от жилья.

Добавьте к этому многочисленные городские свалки за много лет, и картина предстанет совсем сюрреалистичная — одни отходы жизнедеятельности из прошлого и никакой переработки их в настоящем. На таких свалках часто случаются пожары — ведь как-то надо их уменьшать. И «дым отечества» заволакивает города, как это случилось в Алматы или в Усть-Каменогорске.

ПРИШЛО ВРЕМЯ РАСЧИЩАТЬ АВГИЕВЫ КОНЮШНИ

При таких колоссальных объемах мусора у мусороперерабатывающих заводов не хватает сырья для переработки, поскольку в стране отсутствует культура раздельного сбора отходов. Если продолжать просто свозить его на полигоны или свалки, нашим потомкам негде будет строить дома: земли имеют свойство за-

канчиваться, а некоторые отходы, к примеру, полиэтилен, начинают разлагаться только спустя столетия.

Если копаться в этой проблеме, то причин такого «мусорного» состояния множество. В СМИ как-то глухо писали о «мусорном лобби» против открытия мусороперерабатывающих заводов, и в этом есть доля правды, раз они не открываются. Оказалось, «мусорным баронам» выгодно нынешнее положение, которое позволяет им не платить налоги в мусорном бизнесе, а на свалках за копейки трудится немало людей.

Если нашим жителям не нравится японский опыт, давайте законодательно оформим большие штрафы за брошенный мусор. Германия и Сингапур в свое время тоже были похожи на большую помойку, но огромные штрафы сделали свое дело. К примеру, даже переход дороги в непопулярном месте обойдется вам в большую сумму. И выбросить окурки или плюнуть на улице бесплатно тоже не получится. В Японии тоже введены строгие законы о чистоте на улицах: за мусор, брошенный на улице, нарушителю может грозить штраф до 90 тысяч долларов или даже тюремный срок.

Ведь как-то надо донести до каждого жителя, что твой окурки, банка, салфетка или жевательная резинка — это твой мусор, который ты не имеешь права бросать где придется. Но нет же — бросают! Посмотрите на окурки — они валяются везде. Наши дети с малых лет воспринимают такое мусорное положение как в порядке вещей — своим примером взрослые учат их не только сорить, но и не убирать за собой.

В Японии есть опыт по реальному изменению отношения человека к себе, близким, обществу, природе, труду и т.д. Речь идет о культуре чистоты, которая у японцев заложена с детства, она во всем — дома, на улице, на работе, на природе,



чистота физическая и чистота духовная. Чистотой детей приучают к труду и ответственности — это стержень, на котором будет держаться их взрослая жизнь. Поэтому чистота городов и сел — зеркальное отражение внутренней чистоты их жителей.

В Японии — идеальная чистота улиц, домов, помещений. Нет привычных для нас брошенных пакетов, окурков, даже урн для мусора не видно — использованные вещи японцы берут с собой, чтобы бросить в специально отведенном месте или отсортируют дома. Здесь эффективно сработали три фактора: идеально организованная работа муниципалитета, жесткое экологическое законодательство и сознание самих горожан.

Безусловно, у японцев есть чему поучиться. Так почему бы не перенять любовь к чистоте и ревностное соблюдение правил гигиены для своего же блага?

Қазақ тілі біздің елімізде ұлтаралық қатынас тіліне айналуы тиіс деп жаһанға жар салып келе жатқанымызға ондаған жылдар болды. Тәуелсіздік алған күннен бастап қазақ тілін дамыту, оның қолданыс аясын барынша кеңейту туралы мәселе күн тәртібінен түсіп көрген емес. Шыбын жандарын шүберекке түйіп шырылдаған тіл жанашырларының айқайы бір бәсеңдеген жоқ.

Бір қарағанда, қазақ тілінің жолында ешқандай кедергі жоқ бізде. Ертеректе болса да ресми түрде қабылданған Тіл туралы заңымыз да бар, билік тарапынан да ешкім қазақ тіліне ашық қарсы шығып жатқан жоқ сияқты. Мемлекет тарапына жыл сайын осы мақсатқа қомақты қаржы бөлініп жатады. Елімізді мекендеген өзге ұлттар да бір ауыз қарсы сөз айтып көрген емес, керісінше солардың бірқатары қазақ тілін меңгеріп алған. Сонда не болды, неге қазақ тілі күнделікті өмірімізде кең қолданысқа ие болмай отыр? Бұл сұрақтың төңірегінде тіл жанашырлары, тіл мамандары, зиялы қауым өкілдері де өздерінің ой-пікірлерін тұрақты білдіріп

керек шығар, бірақ күнделікті өмірде оның қолданысы біздің әрқайсымызға тікелей байланысты. Әрбір қазақ оны өзінің жеке шаруасындай есептеп, үлкен жауапкершілікті сезінсе тіл мәселесі тезірек шешілер еді деп ойлаймын. Әрбір отбасында оның мүшелері тек қана қазақша сөйлесе жағдай дөп қазіргідей болмас еді. Осындайда, кеңестік кезеңдегі алпысыншы жылдар еске түседі. Алпысыншы жылдардың ортасында әсіресе орыс ұлттары көп қоныстанған солтүстік өңірлерде «ертең нанын тауып жей алмайды» деген жаңсақ пікірмен балаларын орыс сыныптарына беру жаппай етек алғаны есімізде. Шынын айту керек,

пе, ол үшін кінә таға алмайсыз. Бұл тілдік ортаны дұрыс қалыптастыру керектігін көрсетеді емес пе? Қазір сол ауылдарымыздың басым бөлігі тарқап жұрт жаппай қалаға көшіп кетті. Ауыл ғана емес, қазақ тілінің ошағы болып отырған орта да бірге жоғалды. Тіліміздің тұйыққа тірелуіне себеп болған бұл жағдайды есепке алғанымыз жөн.

Тағы бір себеп, бір кездерде орыс тілінде тәрбиеленіп, орысша оқыған ата-аналар, одан қалды алды ата-әже болғандар бала-шаға, немерелерін өсіріп жатыр. Бұл жерде олардың да кінәсі жоқ емес, болашақ ұрпақты ана тілінде тәрбиелеу бірінші кезекте солардың міндеті. Ашығын айтсақ, сол ата-аналар бала-шағасына күнделікті күйбең тірлікпен жүріп жеткілікті уақыт бөлмейді. Отбасын асыраудың қамымен бала тәрбиесі екінші қатарға сырғып кеткені жасырын емес. Ата-аналардың орынына смартфон деген «тәрбиеші»

ТІЛІМІЗДІҢ БОЛАШАҒЫ БӘРІМІЗДІ ТОЛҒАНДЫРАДЫ

келеді. Мерзімді басылымдар да осы тақырыпты жиі көтереді.

Мен тіл маманы емеспін, қатардағы зейнет жасындағы қарапайым көптеген қазақтың бірімін. Өз ұлтымның бір өкілі болғандықтан менің де ана тілімізге жаным ашиды, оның әлемдік болмаса да лайықты деңгейге көтерілуін қалаймын. Өйткені ол менің ана тілім. Ол өте бай тіл. Қазақтың тілінің байлығы, көркемдігі жайлы біздің ғана емес, өзге шетелдік ғалымдар мен жазушылар тамсана жазғандарын әр жылдарда оқығанымыз бар. Біздің тіліміз туралы жылы лебізді оқып, естігенде төбеміз көкке жеткендей болып қаламыз.

Тілге қатысты мерзімді баспасөзде жазылып жатқан пікірлерді мүмкінді-гімше бос жібермеуге тырысып, қадағалап отырғандықтан біраз нәрселерден хабардармын. Мысалы, қазір Ата заңдағы 7-баптың 2-тармағын алып тастауымыз керек деген мәселе көтеріліп жатыр. Бұл туралы белгілі ақын, Ұлттық Кеңес мүшесі Қазыбек Иса «Қазақстан» ұлттық арнасындағы «Ашық алаң» бағдарламасында мәлімдегенін көріп, тыңдадық. «Ата заңымыз бар. Сол Ата заңнан бастауымыз керек. Ата заңдағы 7-баптың 1-ші тармағында қазақ тілі Мемлекеттік тіл деп бекітілген. Ал, 7-баптың 2-тармағында орыс тілі қазақ тілімен қатар ресми тіл ретінде қатар қолданылады деп жазылған. Біз орыс тілі туралы бапты алып тастауымыз керек. Оны алып тастамай басқа заңдардың ешқайсысы да дамымайды. Мемлекеттік тіл туралы заң қабылдауымыз керек. Тәуелсіз елдердің ішінде біздің мемлекет қана мемлекеттік тіл туралы заң қабылдамаған. Ал, 1989-жылғы заңға келейік. 89-шы жылы біз тәуелсіз бе едік? Кеңес империясы құрамындағы ел болатынбыз. Сол кезде орыс тілі ұлтаралық қатынас тілі деп қабылданған болатын, — деді Қазыбек Иса. Дұрыс айтылған пікір, біз қазақ елі болғандықтан, алдымен ана тілімізге басымдық беруге міндеттіміз. Оның үстіне уақыт өз талабын алға тартып, кез келген заңдар өзгеріске ұшырап жатқаны заңдылық. Ешкім өзгенің тіліне қиянат жасап отырған жоқ, әрбір тілдің қолданатын өз ортасы болуы керек. Орыс тілі алып мемлекет Ресейде дами берсін, оған ешкімнің қарсылығы жоқ. Ал, ресми түрде орыс тілін ұлтаралық қатынас тілі деген ұйғарым көсегемізді көгертпейді. Ол қазақша айтқанда «екі кеменің құйрығын ұстаған суға кетеді» дегенді білдіреді. Бұл бізде болып жатқан әңгіменің ресми жағы, оның қалай шешілетінін уақыт көрсете жатар.

Өзімнің өмірлік тәжірибеме сүйене отырып осы жерде жеке ойымды білдіре кетсем артық болмас. Тіл туралы заң



сол кезде үлкендердің өздері орысша екі сөздің басын құрай алмайтын. Содан да болар балаларын орысша оқытқаны. Әрине, оған сол кездегі кеңестік саясат тікелей әсер еткені айтпаса да белгілі. Кең байтақ жердің иесі қазақ ұлтын өз тілінен, ана тілінен айыру идеологиясы қарқынды жұмыс істегенін кейін барып білдік қой. Тіпті орыс тілін білмегендерге күлетін кезді де көзіміз көрді. Айтайын дегенім, сол орыс сыныптарында оқыған балалар өз ана тілін жетік білетін. Сабак орысша жүргенімен, үзіліске шыға салысымен, үйде де тек қазақ тілінде сөйлейтін бәрі. Өйткені олар орыс мектебіне барғанмен қазақ тілінің уызына әбден қаныққан, әке-шеше, әсіресе ата-әжелерінің тәрбиесін көрген ауыл балалары болатын. Бала жеті жасына дейін қай тілді сөйлеп өссе оны өлгенше ұмытпайды. Оған өмірлік тәжірибе нақты дәлел. Бұған да бір мысал келтіре кетейін. Біздің шағын ауылдың тең жартысына жуығы немістер болды. Бала болған соң бір-бірімізбен бірге ойнаймыз. Неміс емес, орыс тілін білмейтін біздер тек қана қазақша сөйлейміз. Сөйтіп көрші неміс балалары бізге еліктеп қазақ тілін жақсы меңгеріп кетті. Қ, Ғ, Ә, Ө сияқты төл дыбыстарымызды таза айтып, кейде өзінді сөзден жаңылдыратын. Заман өзгеріп, еліміз егемендік алған алғашқы жылдар неміс отбасылары өздерінің тарихи отанына қайта бастады. Бірақ туып өскен үркердей ғана ауылымызды ұмытпады. Бүгінгі күнге дейін немерелерін ертіп қазақ жеріне жыл аралатып болсын келіп-кетіп тұрады. Соған қарағанда кіндік қаның тамған қасиетті жер кімді де болса қашанда өзіне тартып тұратын сияқты. Байқағанымыз, сол кездегі қатар өскен біздің замандастарымыз одан бері ширек ғасыр өтсе де қазақ тілін ұмытпаған. Сол бағыдай еш сүрінсүз таза сөйлейді. Әрине, немерелері не орыс, не қазақ тілін білмейді. Өйткені олар мүлдем басқа ортада өсті емес

келді. Ал, оның қандай екенін бәріңіз білесіздер. Қазір бес жастағы баланың қолынан телефон түспейді. Неше түрлі сананы ұлайтын бағдарламалар ешқандай тосқауылсыз беріліп жатады. Оны бақылап жатқан ешкім жоқ. Біз бала тәрбиесін, тіл мәселесін көтеріп, ақ-тар, көк-тер болып әуре боламыз. Сол еңбегімізді жанағы телефондар түкке тұрғысыз еткеніне көңіл бөлмейміз. Тіпті балаларға арналған бағдарламаларды көріп жатыр дегеннің өзінде солардың бәрі, дәлірек айтсақ 99 пайызы орыс тілінде. Одан кейін қазақ тілі туралы қандай әңгіме болуы мүмкін.

Қалай десек те тіліміздің тағдыры әлі де айқындалмай отыр. Адам мен тіл тұтас жаратылыс. Адам баласы сияқты оның да ғұмырын ұзартатын болашақ ұрпақтарымыз. Сондықтан ұрпақ тәрбиесіне бірінші кезек берілуі қажет. Жылда өзгеретін мектеп бағдарламаларын ретке келтіріп, дұрыс саралау да үлкен мәселе. Әсіресе ағылшын тілін балабақшадан бастап үйрету, бастапқы сыныптан бастап оқыту ана тілімізді қолдан өлтірумен бірдей шешім. Оны тоқтату қажет. Телеарналардың қазір ықпалы күшті болғандықтан ондағы бағдарламаларды бақылауға алып, ұлттық бағытты басым етуіміз қажет. Қазіргі көріп жүрген атысшабысқа толы кинолар жастардың санасын ұлайды. Сол сияқты жас ұрпақты негізгі рухани байлық кітап оқуға баулығанымыз дұрыс.

Бұл өмірде бәрі бір-бірімен тығыз байланысты. Тіл мәселесін көтерсек, ұлт мүддесі, ұрпақ болашағы да бірге бас көтереді. Осының бәрін ұштастырып кешенді түрде іске асыру қажет сияқты. Бұл бір ғана мемлекеттің емес, баршамыздың міндетіміз.

Манап МЕШТБАЙҰЛЫ,
зейнеткер
Павлодар қаласы

ҚОҒАМ



РУХАНИ АСТАНА РУХАНИ КЕЛІСІМ КҮНІН АТАП ӨТТІ

Киелі Түркістанның төріндегі «Парасат» саябағында Түркістан облысының қоғамдық даму басқармасының ұйымдастыруымен өңір халқы Рухани келісім күнін салтанатты түрде атап өтті.

Осынау мерейлі күннің құрметіне орай, 6 қанатты киіз үй тігіліп, оған облыстағы 6 діни конфессия басшылары жиналды.

Облыс әкімінің орынбасары Сәкен Қалқаманов жүргізген келелі кездесу барысында ел бірлігі мен дінаралық қарым-қатынастарды нығайту мәселелері талқыланды.

«Елбасымыз Н.Назарбаевтың сарабал саясатының нәтижесінде Қазақстан халқы бейбітшілік пен достықты нығайта отырып қаншама ұлт пен ұлыстың тату-тәтті өмір сүріп жатқан құтты шаңырағына айналды. Бұл тұрғыдағы жұмысты жандандыра отырып, Түркістан қаласы ел руханиятының дамуына елеулі үлес қоса бермек», — деді С.Қалқаманов.

Іс-шара аясында Қазақстан мұсылмандары діни басқармасының Түркістан облысы бойынша өкілі имамы А.Мұсабек, «Шымкент епархиясының Түркістан қаласындағы Свято-Никольский приходы» жергілікті діни бірлестігінің жетекшісі В.Смолянов және басқа да дін өкілдері сөз сөйлеп, ел ішіндегі бірлік пен татулықты күшейте түсудің қажеттігін тілге тиек етті.

Киіз үйде қазақтың ұлттық тағамдары мен салт-дәстүрі насихатталды. Сонымен қатар, өңірдегі этнос өкілдерінің де дәмді тағамдары жұртшылыққа ұсынылды. Шара соңында діни конфессия жетекшілеріне алғыс хаттар мен сыйлықтар тапсырылды.

ЖАМБЫЛДЫҚТАР КӨҒАЛДАНЫРУ ІСІНЕ БЕЛСЕНЕ ҚАТЫСТЫ

Жамбыл облысында өткен республикалық көгалдандыру акциясына облыс басшысы Асқар Мырзахметов бастаған әкімдік аппараты, аудан әкімдері, Ардагерлер кеңесінің мүшелері, өзге де ұйымдар мен қоғамдық бірлестіктердің төрағалары қатысты.

Облыс бойынша қарағай, шырша, қарағаш, арша, терек, емен, шетен, айлант секілді ағаш түрлерінен барлығы 19 мыңға жуық көшет отырғызылды. Өңірдегі 98 елді мекенді қамтыған Бүкіләлемдік жасыл желек отырғызу күніне орайластырылған ауқымды шараға 18 466-ға жуық адам қатысты.

Өңір басшысы тал егу акциясына облыстың шалғай ауданы — Мойынқұмда қатысты. Онда мойынқұмдық жастар мен өзге де жұртшылықпен бірге «Жаз Ата», «Жасыл ел» саябақтарына көшет егіп, шараға өздерінің зор үлесін қосты. Аталған акция аясында облыс әкімі Асқар Мырзахметов және Мойынқұм ауданы әкімі Мәден Мұсаев түрлі ағаштарды отырғызып, әрі игі істің маңыздылығын атап өтті.

«Президенттің бес әлеуметтік бастамасы» атты Елбасының халыққа үндеуінде әрбір отбасына баспана алудың жаңа мүмкіндіктерін беру туралы алдымен айтылғаны белгілі. «Біз соңғы жылдары қазақстандықтардың баспана алу мүмкіндіктерін кеңейту үшін көп нәрсе жасадық. 2017 жылы 11,2 миллион шаршы метр тұрғын-үй пайдалануға берілді. Бұл – рекордтық көрсеткіш. Дегенмен, оның өзі жеткіліксіз, әлі күнге дейін көптеген отбасы баспанасыз жүр. Бұл – айрықша әлеуметтік маңызы бар мәселе» – деп атап көрсетілген болатын үндеуде.

болатын. Қ. Өскенбаевтың айтуынша, бүгінгі күні жыл басындағы жағдай бойынша елімізде 340 мыңға жуық көпбалалы отбасы бар екені анықталған. Солардың қатарындағы 31 мыңнан астамы баспанаға мұқтаж ретінде әр деңгейдегі әкімдіктердің кезегінде тіркелген. Кезекке тіркеліп үлгермегендер мен одан бергі уақытта бірқатар отбасыларының баспаналы болуына байланысты, бұл көрсеткіштерді нақты деп айту қиын, өзгеріске ұшырап тұруы мүмкін.

Вице-премьердің мәлімдеуінше алдағы әрбір жыл сайын көпбалалы отбасылар үшін жалға берілетін тұрғын үй салуға және сатып алуға өңірлерге 50 млрд. теңгеден бөлу көзделген екен. Аз

Түрлі мемлекеттік бағдарламаларды іске асыруға атқарушы билік – Үкімет жауапты екені жалпыға аян. Оның орындалуы тікелей соларға байланысты. Көпбалалы және аз қамтылған отбасыларын қамқорлыққа алуда әсіресе ҚР Еңбек және әлеуметтік қорғау министрлігінің жауапкершілігі мол.

Еңбек және әлеуметтік қорғау министрі лауазымда екі рет болған Бердібек Сапарбаев өңірлерді аралап, елдегі нақты жағдаймен танысып шыққанын білеміз. Оның айтуынша, баспана мәселесі барлық аймақтарда ең көп қойылған сауал екеніне көз жеткізіпті. Екінші орында – жұмыс табу, үшінші орында – атаулы әлеуметтік

кем дегенде 52 мың, ал биылғы жылдың өзінде 12 мың пәтер пайдалануға берілуі қажет дейді. Бұл аз меже емес, сондықтан ірі компаниялардың көмегіне жүгінуге тура келеді. Бердібек Сапарбаевтың айтуынша қазіргі кезде Қазақстанда 1178 үлкен компанияда 23,3 мың көпбалалы ата-ана жұмыс істейді. Олардың 15 мыңға жуығында үй жоқ. Бұл мәселеде ірі компаниялар үкіметке көмектесіп, мәселені шешуге бірлесіп кірісулері керек.

Б.Сапарбаевпен толықтай келісуге болады. Бұл шынын айтсақ жаналық емес, осы тектес тәжірибе бұрынғы кеңестік кезеңде болған. Ол кездерде ірі кәсіпорындарды «қалақұраушы»,

келген. Қайырымдылық деген ұғым ұлтымыздың қанында бар қасиет, ол туралы құранда да жазылған. Тіпті, мұсылманның бес парызының бірі садақа салып, пітір беру, яғни қайырымдылық көрсету екені де әлемге аян. Олай болса біз неге одан қашамыз? Құдайға шүкір, бізде байлар аз емес, алды долларлық миллионер, миллиардер атанып жатыр. Болсын, бірақ қайырымдылықты да ұмытпау керек қой. Өкінішке орай, бүгіндері қарап отырсаңыз сол атышулы байлар тарапынан қайырымдылық көрсетіп жатқандар көп емес. Оларға қарағанда, орта дәрежедегі кәсіпкерлердің, көпшіліктің қолдауымен құрылған қоғамдық қорлардың қолы ашық, ниеттері түзу.

Әрине, біздің елдегі кәсіп иелерінің бәрін «Шық бермес Шығайбай» деп атаудан аулақпыз. Өздерін жарнамалауды қаламайтын, дабыраламай тұрмысы төмен отбасыларға көмектесіп жатқан азаматтар бар. Бірақ оларды саны тым аз. Дегенмен, игі істің басында жүргендердің бірнешеуін атай өтсек артық болмас. Мысалы, «Болат Өтемұратов қоры» жағдайы төмен отбасыларға 150 пәтер салып жатыр. «Біз Қызылорда облысында салып жатырмыз. Бұл үйлер көп балалы отбасылары мен әлеуметтік жағдайы төмен отбасыларға арналған. Ал пәтерді кімге және қалай беру мәселесін жергілікті әкімшілік өздері шешеді», – дейді қордың директоры Марат Айтмағамбев. Сол сияқты үйі бар көпбалалы аналарға жөнделу жұмыстары жағынан да көмек көрсететіндер бар екен. Бұл туралы «Қазақстан балалары» қайырымдылық қорының басшысы Гаухар Танашева «ARUANA» Қазақстан әйелдер құрылтайының құрылғанына орай ұйымдастырылған баспасөз мәслихатында айтты. Қор көпбалалы аналарға жан-жақты қолдау көрсетіп, келіп тұскен әр ананың өтінішінің қараусыз қалмайтынын жеткізгенді. Несі бар, бұл да болса мұқтаж жандарға деген үлкен қамқорлық емес пе!?

Елбасының үндеуінен кейін «Атамекеннің» бастамасымен «Менің Атамекенім» порталы құрылған болатын. Оның қызметі де басқаларға қарағанда, өзгешерек, негізгі мақсаты – меценаттарды тауып, мұқтаж отбасыларды анықтап арадағы жұмысты үйлестіру. Бұл портал екі терезе бойынша жұмыс істейді. Біреуі – «Маған көмек қажет», екіншісі – «Көмек бергім келеді» деп аталады екен. Портал ашылғаннан бері 700 меценат тіркеліпті. Көмекке мұқтаждардан 593 өтініш түскен. Оның 36 пайызы бүгінгі әңгімемізге арқау болып отырған баспанаға байланысты.

Соңғы екі-үш мысалды неге алға тартып отырмыз? Рас, мемлекет өзінің әрбір тұрғынының мүддесін қорғап, оның жан-жақты дамуына мүмкіндік жасауға міндетті. Мемлекет дегеніміз – халық, елдің иесі де солар. Олай болса бай болсын, кедей болсын оның әрбір азаматы сол мемлекеттің қуатты болуына да жауапты. Елдегі бар адамдар байлы-бақуатты тұрса мемлекеттің де мықты болғаны. Сондықтан, жеке бастың қамың ғана ойламай, әрқайсысымыз ортақ мүддеге жұмылсақ бүгінгі алдымызда алынбас қамалдай көрінген көптеген мәселелер өз шешімін табар еді...

ҮЙІ БАРДЫҢ – КҮЙІ БАР

ТҰРҒЫНДАРДЫ БАСПАНАМЕН ҚАМТУ БАСТЫ МӘСЕЛЕ

Аталмыш құжатта халықты толғандырған бұл мәселенің шешімін тұрғын-үй ипотекасының қатардағы қарапайым тұрғындардың жаппай қолжетімділігін арттыру арқылы, жұмыс істейтін әрбір адам несиеге пәтер сатып алып, оны отбасылық бюджетінің мүмкіндіктері аясында төлей алатындай арзан ресурстар ұсынатын тетіктер қажеттігі баса айтылды. Осы мақсатта «7–20–25» бағдарламасы да ұсынылды. Несие өсімінің мөлшерлемесі бұрынғыдай 14-16 емес, жылына 7 пайыздан аспайтын болуы керектігі көрсетілді. Оған қоса несие алушының ай сайынғы төлемін азайту үшін оның мерзімі 10-15 емес, 25 жылға дейін ұзартылды. Ұлттық банкке кемінде 1 триллион теңге қаржы тартатын арнайы компания құрып, ол қаржыны банктердің жоғарыда көрсетілген шарттар бойынша беретін жаңа ипотекалық несиелерін сатып алуға жұмсау табысталды. Бұл бағдарламаны жүзеге асыру тұрғын-үй құрылысына зор серпін беріп, көптеген кедергілерді жойып тұрғындарды баспанамен қамтуға жол ашты.

Қалың көпшіліктің әлеуметтік-тұрмыстық жағдайының жақсаруы – бірінші кезекте олардың тұрақты жұмыспен қамтылуы мен басында баспанасы болуына тікелей байланысты. «Үйі жоқтың – күйі жоқ» – деп босқа айтылмаған, айлығының бір бөлігін пәтеракыға жұмсаған отбасында береке болмасы да белгілі. Сондықтан, тұрғындарды баспанамен қамтамасыз ету алғашқы міндеттердің біріне айналып отыр.

Мемлекет басшысының тапсырмасына байланысты ірі қалалар мен аймақтарда оны іске асыру жұмыстары жүргізіле басталды. Әрине, ол барлық жерде бірдей, бірден қарқын алып кете қойған жоқ. Дегенмен, әсіресе көпбалалы және әлеуметтік жағынан аз қамтылған отбасыларды алдымен баспанамен қамту мәселесі Үкімет тарапынан тұрақты түрде бақылауға алынып, негізгі күшті осы бағытқа жұмсау басталды. Сөйтіп биыл 12 мың көпбалалы және аз қамтылған отбасыларына пәтер беру жоспарланғаны мәлім болды. Бұл туралы мамыр айында Үкіметтің баспасөз орталығында өткен жиын барысында ҚР индустрия және инфрақұрылымдық даму бірінші вице-министрі Қайырбек Өскенбаев мәлімдеген



қаржы емес. Ол жоспар негізінен әрбір келер жыл сайын 6 мың көп балалы отбасыны, сөйтіп түпкілікті нәтижесінде 2025 жылға дейін қырық мыңнан аса көп балалы отбасын жалдамалы тұрғын үймен қамтуға арналған. Жоспар мамыр айынан бастап нақты іске аса бастағаны мерзімді БАҚ-та айтылып келеді. Алматы, Шымкент, Қызылорда қалалары мен Батыс Қазақстан және тағы да бірқатар облыстарда мындаған отбасылар қоныс тойын тойлады.

Әрине, баспана станоктан жасап шығарып қолға ұстата салатын кішігірім зат емес, оны салу үшін қомақты қаржы, ұзақ уақыт керек. Осы орайда, арнайы шара ретінде биыл «Тұрғын үй құрылыс жинақ банкі» АҚ арқылы көп балалы, толық емес отбасыларды, сондай-ақ мүмкіндіктері шектеулі балалары бар отбасыларды жеңілдікпен несиелендіруді айта кеткеніміз жөн. Оның жылдық екі пайыздық мөлшерлеме бойынша, 20 жылға дейінгі мерзімге, бастапқы жарнасы он пайыздан бастап, оның бір бөлігі тұрғын үй сертификатымен жабылуы мүмкіндігі бар. Бұған үш жыл ішінде 150 млрд. теңге бөлу көзделіп, жыл сайын 6 мың займ беруді қамтамасыз етеді. Ал алдағы 25 жылдың ішінде 56 мың займ берілетін болады.

Арнайы заңмен бекітілгендіктен «Алтын алқа», «Күміс алқа», «Батыр Ана» атағын алған көп балалы отбасылар мен аналар жеке санатқа шығарылып, оларға бірінші кезекте тұрғын үй алу құқығы беріледі. Бұрынғыдай емес, көп балалы отбасыларға тұрғын үй беру бойынша жүргізіліп жатқан жұмыстар алғашқы нәтижелерін бере бастағандай.

көмектер мен жәрдемақыларды көбейту, төртінші орында – өз кәсібін бастау және жұмысты кеңейтуге қажетті жабдықтарды сатып алу түр екен. Бұл айтпаса да түсінікті, отбасының лайықты өмір сүруіне алдымен дәп осы төрт жағдай жетісе бермейді. Жұмысы мен баспанасы бар болса тұрғындарымыз ешкімге алақанын жаймай, өз күндерін өздері көре береді. Сонымен бірге мемлекеттің дамуына да үлес қосып, тұрақты салық төлеп тұрады. Ал, салық кезектен мемлекеттің қаржылық тірегі екені белгілі.

Бердібек Сапарбаевтың тәжірибесі мол, білікті, іскер басшы екенін барша жұрт біледі. Оның жергілікті басшылармен, кәсіпкерлермен кездесіп, аймақтардағы халықтың жағдайын зерттеу нәтижесінде адамдарымызды баспанамен қамту мәселесін шешуге арналған ұсыныстары да көпшіліктің көңілінен шықты. Осы мақсатта «Бәйтерек» Ұлттық басқарушы холдингі, «Самұрық қазына» әл-ауқат қоры басшыларымен де кездесіп, келісімдерге келген. Бердібек Сапарбаевтың айтуынша, баспана мәселесін шешу үшін бірінші – «Тұрғын үй құрылыс жинақ банкі» АҚ-ның «Бақытты отбасы», «Нұрлы жер» секілді бағдарламалары негізінде аз қамтылған және көп балалы отбасыларды үймен қамтуда 10 пайыздан кем емес субсидиямен көмектесу, екінші – жергілікті әкімшілік жер берген жағдайда үй салуға қажетті құрылыс материалдарымен жәрдемдесу, үшінші – меценаттар мен үлкен компаниялардың көмегіне сүйену керек екен.

Мәселені шешу үшін көп балалы отбасыларға жеті жылда

яғни, негізгі материалды шығындарды көтеретін ұйым ретінде есептейтін. Қазіргідей кәсіпорын басшысының алдына барып бас ұрып «көмектесе көріңіз» деп жалынбайтын. Олар үшін тұрғын үйлер, мәдениет ошақтарын, тағы басқа құрылыстар жүргізу міндет саналатын. Ал бүгінгі күні бәрі керісінше, кәсіпорын немесе қазіргі тілмен айтқанда компания басшысы өзін жарты құдайдай сезінеді. Өйткені біздегі жекеменшік заңы солардың жағында. Ал сол компанияны олар әкесінен мұраға алып калыпа? Атышулы жекешелендіру науқанында қолында билігі барлар халықтың ондаған жылдар жинаған байлығын басып қалғаны жасырын емес. Енді жұмысшылардың еңбегімен байыған үстіне байи түсуде. Сол қарамағындағы баспанасыз жүрген жұмысшылар болмаса бір тиын да пайда таппасын қазіргі капиталистер мүлдем ұмытып кетті. Олардың бүгінгі мүшкіл жағдайына пысықырып та қарамайды. Ол аздай қыруар ақшаны шетел асырып, жат жұрттың мүддесіне жұмыс істетеді. Қымбат яхталар, хан сарайындай ғимараттарды сатып алып бір бірімен байлық жарыстырып жатыр. Соның бәрі сол өзіне жұмыс істеп жатқан қарапайым адамдардың арқасында емес пе? Сондықтан, ірі кәсіпорындар иелерін қарауындағы жұмыскерлерін баспанамен қамтып, әлеуметтік-тұрмыстық жағдайларын жақсартуға міндейтін заң аса қажет.

Жалпы қазақ халқында ықылым заманнан тұрмысы төмен, кембағал адамдарға көмек көрсету абыройлы міндет болып

...Ақсақал мешітке келді. Бесін намазын оқыды. Сыртқа шықты. Мешіт алдындағы кең алаңда әр жерде топ-топ адам. Келген кезінде тұрғандарын көріп еді, әлі кетпепті. Ақсақал орындыққа жайғасып отырды. Не жиын екенін білгісі келді. Тек қасында сұрайтын ешкім жоқ. Бір кезде полицейлер алаңдағы жұртты автобустарға тией бастады. Формасы жоқ екі жап-жас жігіт келді де «ата, жүріңізіңіз!» астына алды. Ойында ешнәрсе жоқ. Олар болса әкелді де ...полицияның «Газеліне» мінгізді. Іште тағы үш адам бар екен. Ешкімде үндемейді. 11 мөлтекаудандағы полицияға әкелді. Тағы бір жап-жас жігіт бірден: «Ата, Әблязовті білесіз бе?» деп сұрады. Мына бассыздыққа ширығып отырған қария: «Сен білесің бе?» деді. Анау күмілжіп қалды... «Білмеймін». «Мен де білмеймін! Сен білсең – білемін, сен білмесең – мен де білмеймін». «Ата, Елбасының саясатын қолдайсыз ба?». «Әй, бала, Қазақстанның Президенті Тоқаев емес пе? Тоқаевтың саясатын қолдайсыз ба деп сұрамайсың ба?!» Осы сұрақ пен осы жауап тағы екі рет қайталанды. Со-сын ақсақал жігіттің аты-жөнін сұрады. Соғыс ардагерінің шебересі екенін білді. «Шырағым, сен неге маған алдымен бұл жерге мені не үшін алып келгеніңді түсіндірмейсің? Мүмкін, мен өзім байқамай тәртіп бұзған шығармын? Бұзған болсам, осылай әкелуге хақың бар ма еді? Жоқ болса, неге кешірім сұрап, қояр сұрағыңды сосын қоймайсың?» Жауап жоқ... «Шырағым, мына түріңмен біреудің қарғысына ұшырап кетесің. Тілімді алсаң, басқа жұмысқа ауыс. Жассың ғой, тауып аласың»...



ӨНЕГЕМЕН өрілген өмір

өлкеде тұра берер ме еді, інісі Тараздағы гидромелиоративтік оқуға түскен соң, қолына алып оқытқысы келді, сонда ауысты. Жақын жерге келген соң туған жердің ыстық демі өзіне қарай қаттырақ тартты – «Шардарақұрылыс» тресіне экономист болып жұмысқа тұрды. Көп ұзамай білімі мықты, ісі тыңғылықты маманға ПМК-ның бірі «кұда түсіп», жоспарлау бөліміне жетекші болды.

1969 жылы Шардара ауданы құрылды. «Ұйымдастыру комитеті» деген бар. Қысты күні сол комитеттегі нұсқаушы жігіттен келіп кетуін өтінген қонырау шалынсын. «Біз сізді жаңадан жасақталып жатқан аудандық атқарушы комитетінің жауапты хатшылығына ұсынып отырмыз». «Жоқ, болмайды!» «Е, неге?» «Сіздер ол орынға бұның алдында менің досым әрі ағайыным пәленшені ұсынған жоқсыздар ма? Біз оның «қызметін жуып» та үгергенбіз. Болмайды, ағайын арасына шоқ салмаңыздар...». Шыға салып досына барды, «осылай да осылай, қимылда». Біраз күннен кейін қонырау тағы қайталанды: «Комитет төрағасы, аупарткомның 1-хатшысы К.Тұрысбековке кіресіз!» Кірді. Сыпайы сөйлейтін, көшелі кісі екен, «ойланайын» деп шықты. «Болмайдыны» айта алмады... Біраз күннен кейін әлгі нұсқаушы үшінші рет қонырау шалса бола ма: «Ауатком төрағасы Ә.Жолдасовқа кіресіз». Кірді. «Өмірбаянында орысша жазып берші». Оқыды, риза болды. Ол кезде Әшекеңнің өте сауатты да, өте қатал кісі екенінен бейхабар еді бұл. «Жұмысқа кірісің!» «Ер кезегі үшке дейін», бұдан арғысы артық еді енді. Ал, ағайыны, кінәсі болмаса да, өкпелеп кетті. Ортаға от салған кім екенін де білді. Бір басқосуда сол жігіт «мен ешкімге жамандық жасаған жоқпын» деп, есіп отыр екен, «сен маған жамандық жасадың» деді. «Қашан? Қайтіп?!» «Міне, бүйтіп!» Әлгі ант-су ішті, бірақ, онысы өтірік екені көзінен де, сөзінен де көрініп тұрды...

Төрт жылдан соң ауатком төрағасының орынбасары болып сайланды. Осы орында Әшекеңмен, ол кісі аупарткомға 1-хатшы болып кеткен соң сауаттылығы да, талабының күштілігі де одан асып түспесе кем түспейтін Қуаныш

Айтахановпен тіл табысып, табаны күректей жеті жыл істеді. Ол заман компартия тек басқарушы болатын-дағы, ал, барлық істі түгелдей атқару комитеті орындайтын заман. Жекеменшік деген атымен жоқ, барлық іске жауап беретін аутком. Қолы ауданның тамырынан бір сағат болсын ажыраған жоқ-ау...

1980 жылы аупарткомның 1-хатшысы Л.Бекжанов Зұлпыхарға жаңадан ашылған «Қазақстанның 60 жылдығы» кеңшарына директор болып баруды ұсынды. Сірә, оған Зұлпыхардың қандай тапсырмадан болсын бас тартпайтын жауапкершілігі, істі ойлағанынан асыра орындайтын тындырымдылығы ұнаса керек. Алла абырой берді ме, қай жаққа уәкіл етіп жіберсе де, барған шаруашылығы жоспарды орындап шығатын. Кеңшар директоры болу үшін Орталық Комитеттің батасын алатын дәуір, Димекеңнің қабылдау бөлмесіндегі орыс әйелдің «абайлаңыз, қосып жазуға жол беремін деп қор болып қалмаңыз!» деген сөзі, өзінің «ойпырмай, біздің кеселімізді бұл жақтағылар да біліп отыр екен ғой» деп ойлағаны әлі күнге дейін жадында жаңғырып тұр... (Құдайға

шүкір, өмірінде өтірік бір наряд жазған жоқ...)

Жаңадан кеңшар құру айтуға ғана оңай еді. 60-жылдары басталған жаңа ауданға негізгі мамандар көзі Жетісай, Мактаарал, Киров аудандарының қазағы болатын. Әрине, орыс та, өзге де ұлттың өкілдері аз болған жоқ. 1980 жылға қарай ол бұлақ сарқылуға айналған. Сондықтан, 1962 жылы Өзбекстанға беріліп, 1971 жылы қайтып алғанда сонда қалып қойған көп жердің қазағы тартылды. Түрікменстан мен Тәжікстанға дейін барып қайтты. Бірақ, ол маманның бәрі бірдей мақта шаруашылығының, суармалы жердің мамандары емес болатын. Романтика іздеп келгендер азшылық еді. Келгендердің ішінде кім болады! Еншісін беріп шығарған жас отау, немесе әкенің тілін алмаған, ішкілікке құмар ұл, ененің тілін алмаған келін, т.т. Кеңшарда үш мың адам жұмыс істесе, олардың үш мың түрлі мінезі бар. Соның бәрімен тіл табыса білу керек. Қиын, өте қиын! **Есесіне талай ата мен анадан «баламызды адам еткеніңіз үшін рахмет!» деген алғыс естиді. Жалғыз ауыз сол жылы сөзге жетер марапат, медаль мен орден бар ма?!..**

Жаңалыққа жаны құмар директор ауданда алғашқы болып «шаруашылық есебін» (хозрасчет), «тізбелік жүйені» (звеновая система) енгізді. Смета жасап, «мұнша өнім аласың, мұнша шығын шығарасың, мұнша кіріс кіргізесің, сонда мұнша пайда табасың, оны өздерің бөліп аласың» деді. Сол есебі дұрыс шықты. Кеңшар аудандағы пайда түсіріп тұрған үш шаруашылықтың біріне айналды. **Зәкең жұмыс істеген он жылда ол 3 рет облыстық партия комитеті мен атқару комитетінің Ауыспалы қызыл туын жеңіп алды. Біржақты мақтамен болып кетпей, мал шаруашылығында да 100 биеден 100 құлын, 100 сиырдан 100 бұзау алу секілді үздік көрсеткішке жеткені үшін кеңшар жұмыскерлері марапатталып жатты.**

Қолы жетпегені, өкініші бар ма? Әрине! Қанша тырысса да жобалаушылар жер тегіс болмаған соң 2-3 метр биікке аспандатып қойған су ағар бетон науаны топырақтың үстіне түсірте ал-

БӘЙТЕРЕК

Ел ағасы, еңбек ардагері
Зұлпыхар Момын ағамызға

Маңызы зор Мың айдың әр айының,
Тарлан аштың топ жарып талай үнің.
Ардақтысын алқалап келіп отыр,
Тілегі бір ақпейіл ағайының.

Халыққа бұл ұнайды ұтқырлығың,
Еліңе еткен еңбектің ұқтың құнын.
Ел басқарған кездерің өнегелі,
Сеңгіріне Сексеннің шықтың бүгін!

Мың айыңнан іздесе мың деректі,
Таба алады өткеннен кім керекті.
Қызылқұмның қуатын бойға жинап,
Шардарадай шалқыған күндер өтті!

Қалай тұрам тойыңа жыр ұсынбай,
Арта берсін алдыңда ырыс ыңғай,
Атыңызға лайық жарқылдаңыз –
Мұхаммед пайғамбардың қылышындай!

Терең кеткен тамырын жайған нығыз,
Ай мүйізді ақ серке, айбарлымыз!
Абыз десе болады, нағыз десе,
Бәйтерекке саялы айналдыңыз!

Ізгілікті әрдайым іздеп өткін,
Бүгінгі күн жемісті бізге ерек күн!
Жүзін көрген Мың айдың жүзің жарқын,
Қолдай берсін Құдайым, Жүзге жеткін!

Құрметпен, інізің
Қазыбек ИСА
15 қыркүйек 2019 жыл

мады. 1991 жылдан кейін құлағандарын жөндеуге елдің шамасы келмей, көп жер кәзір жарамсыз болып жатыр...

Зәкең екі Дара Тұлғаның бірінің қолын, бірінің батасын алғанын өмірінің олжасы санайды. «1953 жылы, 8-класста көктемгі каникулға үйге келе жатырмын. Аудан орталығы Қызылқұмнан Ильичке баратын көлік күтіп тұрмын. Бір уақытта су жаңа «Газ-69» келіп тоқтады. Ішінен бір жалаңбас кісі шығып, шаштаразға кірді. Мен шоферге «Ильичке барсаңыздар ала кетесіздер ме?» дедім. «Барамыз, бірақ, сен бастықтан сұра» деді ол. Бастығының кім екенін білгім келді. Сөйтсем, Жұмабай Шаяхметов екен. Шофердің ғана емес, бүкіл Қазақстанның басыңсы! Бір өзі жүр... Қос қолдап сәлем бердім, өтінішімді айттым. Мінгізіп алды».

«Аты қандай – заты сондай» Зұлпыхар – Мұхаммед пайғамбардың (с.ә.с.) қылышының атауы. Зәкеңнің өткірлігі ғой, әйтпесе кез келген бала мемлекет басшысына «машинамен ала кет» деп айта ала ма?..

Ол балалық шағы болса, кеңшарға директор кезінде Дінмұхаммед Қонаев келді. Түскі астың алдында Димекен директордан бір ауыз хал-жағдайын сұрады. «Жақсы, шамамыз келгенше халықты әкеп, жұмыс істеп жатырмыз» дедім. Сол сәтте ауыл мен егістіктердің арасы алыс екені, оған мақта шабыққа шығатын оқушыларды, әйелдерді үсті ашық машинамен, тіпті тележкамен тасып, қиналып жүргеніміз ойыма орала кетті. «Автобус бөлінсе жақсы болар еді» дедім. Димекең жанындағы «Главриссовхозстрой» басқармасы бастығының орынбасары К.Асановқа қарады. «Бір-екі айда шешеміз» деді ол кісі. Бір айдан соң 2 автобус алдық. Бізбен бірге көршіміз «Достық» та автобусты болып қалды...»

Тойшыл қазақта «туған күн» мерекесі деген ұғым болмаған! Есесіне «мың айдың (83 жыл 3 ай) жүзін көрген» адамның жасын ұлықтаған. Зұлпыхар ағамыз сол мәртебелі межені атап өтпекші екен. Ақсақалдың бұл да болса жөні бөлек төл жосықты жаңғыртып отырған өнегесі деуіміз керек...

Тарихы тереңде жатқан осы сөзді Бекболатұлы Кәрімжан інісіне қаратып «Әй, түкті Қошқар батыр ұрпағы» деп кезінде туған ағасындай сыйласқан Ерхатұлы Сәмен айтқан екен. Сәмен Ерхатұлы орынды сөз айтатын, аузы дуалы, ескілікті сөздерді жадында сақтап, ел аузынан сөз асылын жинақтаған Торғай елінің құймақұлақ азаматтарының бірі болатын. Шежіре тілімен сөйлесек «түкті Қошқар батыр» атанған Шақшақ Көшейұлы Қошқар батыр Бекболатұлы Кәрімжанның арғы атасы болып келеді.

«ТҮКТІ ҚОШҚАР БАТЫР» ҰРПАҒЫ

Қошқар батыр дүниеге келгенде желкесінен құйымшағына дейін созылған жал сияқты, түк – батырларға бітетін ерекше белгі болған дейді. Сондықтан ел арасында «Түкті Қошқар батыр» атаныпты. Шақшақтың екінші ұлы Көшейден Қошқар, одан Тұрлығұл, Жәнібек, Тыныбек туады. Қошқар батырдың үлкен ұлы Тұрлығұл жаугершілік шайқастарға көп араласпа да қалың елін соңынан ерткен есіп ер болған көрінеді. Міне, Кәкең осы «түкті Қошқар батыр» атанған Көшейұлы Қошқардың үлкен ұлы Тұрлығұлдан тараған ұрпақ. Әкесі Бекболат Жаңбыршыұлы жас кезінде «Құлдың Хасені» атанған Құлұлы Хасенмен бірге Торғай елінің құрметті ақсақалдарының бірі, кезінде «жарты патша» атанған Қорғанбек бидің жасы үлкейген шағында қасынан табылып, қызмет еткені жөнінде ел аузында әңгіме айтылатын. Өткен жылы ел аузындағы осы әңгімені айғақтайтын құжаттар – Қорғанбек Бірімхановтың еңбек кітапшасының көшірмесі мен бір топ адамдармен түскен фотосуреті мұрағаттан табылды. Кәрімжан ағамыз жиырмасыншы ғасырдың басында түсірілген осы көне суреттегі адамдардың ішінен әкесі Бекболат пен Құлдың Хасенін танып, сирек кездесетін тарихи сурет үлкейтіліп, үйінің төрінен орын алды. Бұл әкеге деген құрмет және ұрпақтан-ұрпаққа жететін баға жетпес тарихи жәдігер деп білуіміз керек.

...Адам өмірі көшкен керуен іспетті. Сол керуен легінде көппен бірге жүруге де болады. Бірақ, тірлікте үлгі аларлық, өнегелі ғұмыр кешпесең, оның қандай мағынасы бар?! Осындайда адами қалпымен көптің құрметіне әкелген, біреуге аға, біріне жанашыр дос, ақылшы, қадірлі ата бола білген Торғай тарландарының бірі, бірі емес-ау бірегейі, ел ағасы Бекболатұлы Кәрімжан десе болады. Бойына адами қасиеттерді жинау, жақсыға құмарлық, мақсатқа жетудегі ізденіс оның басты мақсаты болды. Бойындағы осындай қасиеттердің арқасында ол таңдаған оқу орны – Алматы зоотехникалық-малдәрігерлік институтына түсті. Жоғары оқу орнының қабілетінде аталас туысқандары Әнуар Байжұманов, Ноян Мейрамұлымен бірге оқыды. Студенттік шақта үшеуінің жұптары жазылмай бірге жүргендіктен Қабиев Төкен, Мусин Салықбек, Әлмағамбетов Еркін секілді құрбы-құрдастары оларды үш «Ноян» деп атапты. Үшеуі де жоғары оқу орнында жастық оқып, болашағынан үміт күттіретін студенттердің қатарында болды. Алайда, Кәкең 1960 жылы аталмыш институтты тәмамдаған соң, Алматыда қалып, ғылыми жұмыспен айналысуға мүмкіншілігі бола тұра шалғайдағы туған ауылы Торғайға келіп, шаруашылықтарда қатардағы маман болып, жоғары оқу орнында алған теориялық білімін өндіріспен ұштастыра білді. Бұл кезде ауданда кеңестік шаруашылықтар құрылып, бұрынғы ұжымдық меншіктегі шаруашылықтар тарап жатқан кезі болатын. Еңбек жолын Жангелдин ауданының «Еңбек» кеңшарында қатардағы мал маманы болып бастады.

Алдыңғы буын ел ақсақалдары, дала цивилизациясын жетік меңгерген өз заманының «Дала академиктері» атанған ауданның мейталман колхоз басқармалары мен алғашқы совхоз директорлары Ернар Досмағанбетов, Ахметқали Мейірманов, Қызылбай Нұрғазин, Ибраһим Ысқақов,

Мырзалы Өтелбаев, Міркемел Сейітқазиев, Үсенбай Оразалин, Омарбек Райсов, Әмірғали Душатов, Қабдікен Маманов, Бигәли Молдахметов, Сейіт Кәрбенов, Балтабай Сейдахметов және Торғайдан шыққан алғашқы жоғары білімді мал мамандары Қасымхан Дауылбаев, Дәнеш Адаев жас маманның аяғынан тік тұруына игі ықпал етті. Өзінің алғырлығымен және талаптылығымен көзге түскен жас маман кейін ХХІ партия съезі, «Қызбел» кеңшарларында бас зоотехник болды. Көп уақыт өтпей Кәрімжан Бекболатұлы Жангелдин аудандық ауыл шаруашылық басқармасының бас зоотехнигі

және кәсіпорын басшыларының бұрынғы жайбырақаттылық пен кең тұсау, ұзын арқанға салынуына жол берілмеді. Қайта құру кезеңіндегі агроөнеркәсіп саласы бойынша қабылданған реформаларды жүзеге асыруда аудан басшысы М.Айсин ауыл шаруашылық бөлімін басқарған тәжірбиелі маман ретінде Кәкеңмен кеңесіп, шешім қабылдады десек, артық айтпаған болармыз. Торғайдың өркендеп — өсуіне септігін тигізері анық.

Адамға алғашқы отыз жылы қателіктер жасау үшін, кейінгі отыз жылы оны түзету үшін, соңғы отыз жылы жиған-тергені мен ой-санаға түйгенін ұрпағына дарыту үшін



қызметіне жоғарылатылды. Болашақ «Дала академиясының» еңбек жолы, міне, осылай басталды. Жиырма жылға жуық ауданда бірнеше шаруашылықтың басшысы болып қызмет атқарған Кәрімжан Бекболатұлы Жангелдин ауданының әлеуметтік-экономикалық дамуына өзінің қомақты үлесін қоса білді. Ол басқарған «Қызыл әскер» және «Речной» кеңшарлары бірнеше рет облыстық социалистік жарыстың жеңімпазы атанды. Шаруашылықтың экономикасын көтеруге қатар, ауыл тұрғындарының мәдени-тұрмыстық деңгейін көтеруге баса көңіл бөлді. Ауыл жастарын кеңшар жолдамасымен жоғары оқу орындарына жіберу, мектептің үздік шәкірттеріне стипендия тағайындау, талантты балаларды әлеуметтік қамқорлыққа алу сияқты тың бастамалар көтерді. Елді мекендерде дәргерлік пункттер ашып, клубтар мен кітапхана, монша қызметін жандандырды. Ауданда тұңғыш рет халқымыздың ежелгі ұлттық мерекесі – Наурыз күнін өткізуге бастама көтергендердің бірі болды. Кәкенді қандай жұмысқа жіберсе де оның іскерлігіне, оның сол қызметке деген жауапкершілігіне ешкім шүбә келтіріп көрген жоқ. Ағамызбен мен өткен ғасырдың 80-ші жылдары Жангелдин аудандық комсомол және партия комитетінде қызмет істеген жылдары етене таныстым. 1984 жылдың сәуір айында мен Жангелдин аудандық партия комитетінің ұйымдастыру бөліміне нұсқаушылық жұмысқа келгенде Бекболатұлы Кәрімжан ағамыз ауыл шаруашылық бөлімінің меңгерушісі екен. Дене бітімі шымыр, ойлы пішінді, жайлап сөйлейтін, орта бойлы жігіт ағасы өзінің байсалды мінезімен біз секілді жастарды еріксіз баурап алатын. Кәкеңмен бірге аупарткомда Ғарыпжан Ғабдрахманов, Сапабек Жүнісов, Айтжан Айбасов, Оркен Алматов, Еркін Құлпейісов, Тұрсын Шаймағанбетов, Олжа Ібраев, Алпыс Нұркин, Сағынтай Рашитов секілді азаматтар қызмет атқарды.

Сол жылдары сыры да, жыры да мол Торғайды жұмыс істеу стилі ерекше Мұхамедқали Айсин басқарып, адал еңбек етті. Аудан басшысының қатаң партиялық жұмыс стилін бірден қолдаған адамдардың бірі Кәрімжан Бекболатұлы болды. Қатаң партиялық тәртіпке сәйкес берілген тапсырманың орындалуы аудан басшыларының жете қадағалауында тұрды. Көп уақыт өтпей ол тәсіл өз нәтижесін де берді. Ауданның шаруашылық, мекеме

берілетін көрінеді. Міне, Кәрімжан ағамыз да осының үшінші баспалдағына табанын нық тіреп тұр. Кәкең 1997 жылы зейнеткерлік демалысқа шыққаннан кейін Жангелдин аудандық статистика бөлімін басқарды. Кейін Астана қаласына көшіп келген соң Экономика, қаржы және халықаралық сауда университетінде аз уақыт еңбек ете жүріп, Ел мен Жер тарихын зерделеп, Торғай өңірінен шыққан аға буын өкілдерінің өнегелі өмірлерін жас ұрпаққа жеткізуде өлшеусіз үлес қосты.

Соңғы он жыл ішінде «Бабаларым мынадай екен ғой», – деп, жастардың рухын көтеретін ұлттық қаһарманға айналған асыл перзенттердің бірі – Тобыл-Торғай өңірінің бас батыры Шақшақ Қошқарұлы Жәнібек тархан, Нұртазаұлы Әбіқай ақын және Ахметхан Әбіқайұлы сияқты тұлғалардың өмірі мен қызметіне арналған зерттеулер жазды. Белгілі ақын, торғайлық дін ғұламасы, ағартушы Әлмағамбет Оспанұлының өмірі мен артында қалған мұрасын тыңғылықты зерттеуді қолға алып, «Тарихи тұлға» атты кітабын баспадан шығарды. XVIII ғасырда өмір сүрген қоғам қайраткері, ағартушы Тұрлығұл Қошқарұлының және оның ұрпақтарының қоғамдық-саяси, әлеуметтік-мәдени қызметіне арналған «Рухани ұстаз» атты шежіре кітабының баспадан шығуына басшылық жасады. Елім десе, жерім десе, ішкен асын жерге қоятын Кәкең жасы сексеннің сеңгіріне шықса да, ел жақтағы жаңалыққа құлағын түріп жүреді. Өткен жылы Жангелдин ауданының құрылғанына 90 жыл және Торғай қаласының 150 жылдық тойы атап өтілгенде Кәкең құрметті қонақ ретінде ұйымдастырылған іс-шараның бел ортасында жүрді. Сол мерейтойда Кәрімжан Бекболатұлы «Жангелдин ауданының Құрметті азаматы» төсбелгісімен марапатталды. Ағамыздың еңбегі Кеңестер Одағы кезінде де лайықты бағаланып, КСРО-ның бірқатар орден, медальдарымен, ҚазССР Ауыл шаруашылығы министрлігінің құрмет грамотасымен және мерекелік төсбелгілермен марапатталды.

Қарт Торғайдың экономикасын дамытып, мәдениетін құлпыртуда елеулі үлес қосқан тұлғалардың қатарында Кәрімжан Бекболатұлы да өзінің лайықты орнын алатыны сөзсіз.

Ертай ҚАРАБАЛА,
өлкетанушы
Арқалық қаласы

■ DÚNIE-KERÝEN



ТЕКТІЛЕРДІҢ ТЕРЕҢІ ЕДІ

Алашшыл ақын
Хамитбек Мұсабаевпен
қоштасу

Түн ішінде мезгілсіз соғылған қонырау сонау Аманкелдіден қайғылы хабар жеткізді, жанымдай жақсы көретін жалы биік, жаны жайсаң жақсы інім, талантты шәкірттім Хамитбек дүниеден озыпты. Өмір мен өлімнің арасы тым-тым жақын екенін тағы бір мәрте еске салған Арқаның сақылдаған сары аязында сұмдық сөзден дене мұздап, жүрек сыздап сала берді... Адамзаттың дұшпаны арсыз ажалда аяушылық жоқ, бұл жолы да ол өзінің тойымсыздығын, қасқырдан бетер қатігездігін тағы көрсетті. Жан бесіктен жер бесікке бармайтын тірі жан жоқ десек те сұм ажал, бүкіл зиялы қауымның, Хамитбектей жаратылысы бөлек таланттың есімі мен еңбегін білетін халықтың қабырғасына қаты батып тұр. Хамитбек бір қазақтың ғана емес, бар қазақтың ортақ перзенті еді.

Ол өзінің Жаратқан Ием сыйлаған табиғи талантымен, жанкешті еңбегімен Алла тағала аманатқа берген аз өмірінде халыққа қалтқысыз қызмет етіп, сонына әдеби мол мұра, ел ауыз толтырып айта жүрер аңызға бергісіз азаматтық игі істерімен, қайсар қайраткерлігімен көпке үлгі көрсетіп кетті...

Осы тұста Сагидидің: «Жаратқанның пендесіне берген үлкен сыйы – оның артында қалған жақсы аты, мейірімділігі мен қайырымдылығы», – деген сөзі қалам ұшына оралып тұр. Үлкен қаладағы үлкен кісілер жанға жайлы жақсы жұмыс ұсынса да, туған жеріне ту тігіп, елмен етене араласқан, ес біліп, етек жапқалы Қостанай облысындағы Аманкелді аудандық «Аманкелді арайы» газетінің бас редакторы болып істеген, қоғамдық жұмыстарға белсе-не араласып, өз сөзімен айтқанда:

«Елдің жайын,
Жердің жайын жіті ойлап,
Ұлық сөзін айта білді Ұлтының,
Бұқар жырау, Махамбетке атойлап».

Хамитбектің таланты мен еңбегін халық та, билік те жоғары бағалады. Көзқарасты қауым білетін ол атақтарды тізбелеп жатпай-ақ, ең бастысы – Алаш ардагерлерінің мұрасын жіті зерттеп, олар жайлы отты өлең, поэмалар жазғанын еске алсақ та жеткілікті.

Абыз Азамат ғасыр дертімен ұзақ ауырды. Қостанай мен Нұр-Сұлтан қалаларының дәрігерлері де аянып қалған жоқ.

Амал не, адамзатты дұшпаны – арсыз ажал алып тынды.

Қош, қоштасуға қимайтын Хамитбек бауырым. Жаның жәннатта болсын!

Сәбит ДОСАНОВ,
Мемлекеттік сыйлықтың
лауреаты.
Алматы

